

Біз – туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



САНАҚҚА ҚАТЫСУ –
АЗАМАТТЫҚ
ПАРЫЗ!

6-7

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ
ТҰРҒЫНДАРЫ



«QAZAQ TITAN»
немесе алып күш иесі
туралы аз-кем сөз

9

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 24 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
938 009

II компонентпен
844 769

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.09.2021

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

26.09.2021

Түнде:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №116 (6092) 25 қыркүйек, сенбі, 2021 жыл.

БІЛІМ

«АЛДЫМЕН – МЕКТЕП, СОДАН КЕЙІН – ҮЙ»

Қала мектептеріндегі шамадан тыс жүктемені азайтуға
ерекше көңіл бөлінуде



Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесінде Мемлекет басшысының мектеп құрылысына қатысты тапсырмасын орындау барысы талқыланды. Дәл қазір Алматыда 12600 оқушыға арналған 8 мектептің құрылысы қызу жүргізіліп жатыр.

Алматы қаласында бой көтеретін құрылыстар қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сай «Даму жоспарында» бекітілген «Алдымен – мектеп, содан кейін – үй» қағидасын ұстануға міндетті. Мұндағы басты мақсат – қолданыстағы мектептердегі шамадан тыс жүктемені азайтып, жаңа тұрғын үйлермен бірге білім беру нысандарын да қоса тапсырады.

2

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЙМАҚ

ЖАҢА ЖОБАЛАР отандық өндірістің тынысын ашады



Алматының Индустриалды аймағында 2023 жылға дейін 4 жаңа өндірістік парк пен полиэтилен өңдеу зауытын іске қосу жоспарлануда. Бұл туралы мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Өңірлік үйлестіру кеңесінің отырысы барысында белгілі болды.

Жаңа инвестициялық жобаларға инвесторлар 2,5 млрд. теңгеден астам инвестиция салуға дайын, олардың бір бөлігін «Almaty Finance» ЖШС қаржыландырады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері өндірістік парктерде ролл перделерді, жиһаздық скобтарды, гидравликалық қосалқы бөлшектерді, радиациялық бақылау саласындағы өлшеу құралдарын, ашық спорттық жабдықтарды, фанерлерді, ағаш материалдарын, ламинатты, ковролинды, есік, терезелерді, асүй мен тоңазытқыш жабдықтарын, киім, аяқкиім, тоқыма, сондай-ақ, асүй, кеңсе және жұмсақ жиһазды шығаратын болады.

3

ҚЫСҚА...

- Футзалдан Қазақстан құрамасы Таиландты жеңіп, Әлем чемпионатының ширек финалына шықты.
- Ауғанстаннан келген қандастар Ақмола облысына қоныстандырылуда.
- Түркиядағы қазақтардың кіші құрылтайы кезінде Стамбұл қаласының Бағдылжар ауданында белгілі спортшы Мұстафа Өзтүрік атындағы саябақ ашылды.
- Германия концлагерінде қаза тапқан 927 қазақстандық жауынгердің жақындары іздестірілуде.
- Алматыда 12600 оқушыға арналған 8 мектептің құрылысы жүріп жатыр.
- Жексенбі күні өтетін «Алматы марафонына» байланысты Сәтбаев көшесі бойымен Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін екі қозғалыс жолағы 25 қыркүйекте, сағат 6.00-ден 26 қыркүйекте, сағат 18.00-ге дейін жабылады.
- Алматының Индустриалды аймағында 2023 жылға дейін төрт жаңа өндірістік парк пен полиэтиленді өңдеу зауытын іске қосу жоспарлануда.

www.almaty-akshamy.kz





ӘКІМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Ямаданы, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы К.Янкаускасты қабылдады, сондай-ақ, Еуропалық қайта құру және даму банкінің өкілдерімен ынтымақтастықты кеңейту мәселелері бойынша кездесті.

Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар дамиды

Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Ямадамен екіжақты кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуды, сондай-ақ, Алматы қаласы мен Күншығыс елінің префектуралары арасындағы өңіраралық ынтымақтастықты кеңейтуді талқылады.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы мен Жапония арасындағы

тауар айналымы 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 12,6%-ға өсіп, ол 177,2 млн. долларды құрады. Оның ішінде экспорт – 0,3 млн. доллар, импорт – 176,9 млн. доллар. Мегаполисте 12 бірлескен және 40 жапондық кәсіпорын тіркелген. Мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл аясында Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ сияқты университеттер мен Жапо-

нияның Цукуба университеті, Токио университеті және т.б. ынтымақтастық әріптестік бар. Қазақстандықтардың «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында жапондық 4 университетте білім алуға мүмкіндіктері бар. Алматыда 2002 жылдан бастап «Нархоз» университетінің базасында адами ресурстарды дамытудың қазақ-жапон орталығы жұмыс істейді.

Басты инвестициялық серіктестік

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы К.Янкаускаспен кездесуде сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту және инвестиция тарту, сондай-ақ, адами капитал мен қалалық ортаны дамыту мәселелері талқыланды.

ҚР мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негізі 1999 жылдың шілдесінде күшіне енген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім болып табылады. Сондай-ақ, 2015 жылдың 21 желтоқсанында

кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (КСЫК) қол қойылған болатын. Бұл келісім ҚР мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың одан әрі жан-жақты дамуына ықпал етуге арналған. 2016 жылдың 25 наурызында ҚР Президенті КСЫК ратификациялау туралы Заңға қол қойған еді.

ЕО – Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі. Өткен жылы ЕО Қазақстанның сыртқы сауда айналымының төрттен бірінен астамын (28%) және біздің рес-

публиканың экономикасына тартылған шетелдік капиталдың жартысын (47%) құрады.

2020 жылға Қазақстан мен ЕО арасындағы жалпы тауар айналымы 85 млрд. долларды құрады. Бұл жағдайда ЕО-ның үлесі жалпы тауар айналымының 28 пайызын құрады. 2020 жылы Қазақстан 17 миллиард доллар тікелей инвестиция тартты, онда ЕО үлесі 47 пайызды құрады. Инвестицияның негізгі бөлігі – Нидерланды, Франция, Германияда және Люксембургте.

Мегаполистің «Цифрлық егізі» құрылмақ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо бастаған делегациямен мегаполистің инфрақұрылымын дамыту бойынша жобаларды іске асырудың келешегін талқылады.

Кездесуге ЕҚДБ вице-президенті Алан Пию, ЕҚДБ президенті кеңсесінің директоры Томас Ревилье, ЕҚДБ Орта Азия

бойынша басқарушы директоры Жужанна Харгитай, Қазақстандағы ЕҚДБ директоры Хусейн Озхан, аға банкир, Еуразияның тұрақты инфрақұрылым департаменті директорының орынбасары Бахтиёр Файзиев қатысты.

Алматының «Цифрлық егізін» құру, қоғамдық көлікті дамыту жобалары аясында ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Көлік, өнеркәсіп, энергетика, ғимараттар, суды тұтыну мен суды бұру, ТҚҚ, жерді пайдалану сияқты мегаполистің даму секторларын қамтитын «Жасыл қала» іс-қимыл жоспарын іске асыру аспектілері қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша тараптар қаланың инфрақұрылымы мен экологиясын жақсарту бойынша өзара тиімді шешімдер әзірлеуге дайын екендігін білдірді.



БІЛІМ

«АЛДЫМЕН – МЕКТЕП, СОДАН КЕЙІН – ҮЙ»

Қала мектептеріндегі шамадан тыс жүктемені азайтуға ерекше көңіл бөлінуде

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Өсіресе, Алатау ауданында мектепке деген сұраныс жоғары, орын тапшы. Сондықтан осы аудандағы «Саялы» шағынауданында – 1800, «Дархан» шағынауданында – 1500, «Мәдениет» шағынауданында – 1500, «Томирис» шағынауданында – 1500, «Нұркент» шағынауданында – 1500 орынды мектептер бой

көтеріп, құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, мектепке сұраныс Наурызбай ауданында да өте өзекті. «Қалқаман» шағынауданында – 1500, «Қалқаман-2» шағынауданында – 1800 орынды мектептің құрылысы жалғасып жатыр. Осы мектептер пайдалануға берілсе, бұл аудандағы орын тапшылығы сәл де болса азаятын сынайлы. Ал Түркісіб ауданының «Қайрат» шағынауданындағы жүргізіліп жатқан 1500 орынды мектептің де құрылыс қарқыны жоғары.

Жауапты сала басшылары «Қалқаман-2», «Томирис» және «Саялы» шағынаудандарындағы үш мектепті осы жылдың соңына дейін

пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, биылғы жылы әлемдік індетке қарамастан, №81, 40, 45, 54 төрт мектепке сейсмикалық нығайту мен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, Алматыда соңғы жылдары мектеп жанынан қосымша ғимараттар салу жұмысы да қарқынмен белең ала бастады. Әрбір қосымша ғимарат жаңа мектеп іспетті. Дәл қазір қаламызда мектепке жапсарласа салынған 18 жаңа құрылыстың 9-ы пайдаланылуға берілді. Тағы да 5 мектептің жанындағы қосымша корпус қазан айында, қалған мектептердің құрылысы жыл соңында аяқталуға тиіс.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда 2022 жылға қарай
шағын өнеркәсіптік

15

парк жұмыс
істейтін болады.



Биыл оңтүстік астанада
шағын және орта бизнеске

46,1 млрд. теңге
несие берілді.



Биыл күзде

1500-ден астам
алматылық мерзімді әскери
қызметке
шақырылатын болады.



Алматыда

200 мың

тұрғынды үздіксіз
энергиямен қамтамасыз
ететін қосалқы станция
салынады.



Биыл күзде

350 мың


ағаш отырғызылады.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҚОС ҚАНАТТЫ ҚАЛАМҒЕР

Шөмішбай Сариевке ескерткіш-тақта орнатылды



Ескерткіш тақта акын 30 жыл тұрған үйдің қабырғасына орнатылды. Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, акынның жары, акын-жазушылар, өнер адамдары, композиторлар қатысты. Тақтаны қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров пен акынның жұбайы Жұмагүл Сариева ашты.

«Ел арасында «Арайлы көктем», «Тағдыр», «Сағынышым теңіз» атты еңбектері қалың оқырман арасында кеңінен таралған. Ағамыз 100-ге жуық әнге сөз жазды. Тынымсыз еңбек пен адамгершілік қасиеттердің арқасында елдің ардақты, халқының қалаулы тұлғасына айналды. Ағамыздың еңбегі мемлекет тарапынан да

жоғары деңгейде бағаланды. «Парасат» орденімен, «Платиналы Тарлан» сыйлығымен және «Франц Кафка» атындағы халықаралық Алтын медалімен марапатталды. Шөмішбай Сариевтей тұлғаның артында ұрпағы мен өлмес туындылары, шакірттері қалды. Ең бақытты да шаттыққа толы шығармашылық ғұмыры, кәсібінің алтын бесігі – Алматыда өтті. Қаламгердің өнегелі өмірі, жарқын бейнесі, ғибратты мол еңбектері халқымыздың жадында мәңгі сақталар-ды», – деді қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Франц Кафка атындағы Алтын Медаль» Халықаралық сыйлығының, «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Шөмішбай Нағашыбайұлы Сариевтің құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Бейбіт ОРАЛҰЛЫ,
композитор:

Ақынның аты өлмейді

Шөмішбай ағамен жазылған алғашқы туындымыз – «Толғау», «Боз жорға» әндері. Өмірде аға болса, өнерде дос болып, шығармашылық байланысымыз үзілмеді. 50-ге жуық әндер жазылды. Қазаққа «қос қанатты» деген ұғым бар ғой. Шөкен соның бірегейі дер едім. Поэзиясы өз алдына, қазаққа танымал хит әндерінің авторы. Өмірде өте көңілді, ақжарқын, адамның көңілін жадырататын нағыз абзал жан еді. Өзі кетсе де, артында қалдырған ізі өшпейді, аты өлмейді.

Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық артисі:

«Атамекендей» ән әлі өмірге келген жоқ

Бүгін – ерекше, тарихи күн. Себебі, біздің сүйікті ағамыз, қазақтың ақыны, талай әндерімен, өлең-сөздерімен халықтың жүрегінде қалатын әндер жазған Шөмішбай ағамыздың қасында тұрмыз. Аға өмірден өткенде шығарып салған едік, міне, бүгін үйінің қабырғасына ескерткіш-тақтасы ілініп, «осы жерде Шөмішбай Сариев тұрған» деген бүкіл қазақ халқына ерекше жер болайын деп тұр. Ағамыздың керемет әндерін бүкіл қазақ халқы сүйіп тыңдайды, әншілер сүйіп шырқайды. Оның әндері тек Қазақстан да ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі қазаққа кен тараған. Мысалы, «Айналдым сенен, Атамекенді» білмейтін қазақ жоқ. «Атамекен» – қазақтың ресми емес ұлттық гимніне айналған сияқты. Ағамыздың осы әні көпшіліктің басын біріктірді деп ойлаймын.

«Атамекен» әнінен бастап дүние жүзіндегі тарыдай шашылып жүрген отандасымыз атамекендеріне оралды. Соның бірін өзім нақты білемін. Қытайда туып-өскен бала Америкада оқып жүріп, оқуын бітіргеннен кейін «Мен міндетті түрде атамекенге барамын» деп осы әннің әсерінен, дипломын алғаннан кейін Қазақстанға келіп, қазір еліміздегі бір оқу орнында сабақ береді. Атамекенге деген үлкен сағыныш пен махаббатты оятқан әннің авторын біз қалай ұмытамыз?! «Атамекен» әнін алғаш орындап шыққан кезде бүкіл қазақ елең ете қалды. Бұл ән әрбір тыңдарманның жүрегінен орын алады. Өлеңі мен сөзі бір-бірін толықтырып тұр.

Қазақтың жан-жүрегін, махаббатын, сағынышын білдіріп тұрған керемет ән. Шөмішбай ағамыздың көптеген өлең-сөздеріне жазылған әндерін орындадым. Бірақ «Атамекеннің» мен үшін орны бөлек. Әндері мәңгілік жүрегімізде, репертуарымызда. Жалпы, қазақ халқы Шөмішбай Сариевті ешқашан ұмытпайды.

Бауыржан ЖАҚЫП,
ақы:

Әдебиетке көрсетілген құрмет

Бүгінгі Алматы шаһарында болып жатқан оқиға тек Шөмішбай Сариевтің рухына тағзым ету ғана емес, бүкіл қазақтың әдебиеті мен өнеріне көрсетілген құрмет деп бағалаймыз. Шөмішбай ағамыздың саналы ғұмырындағы ең бірінші қыры, ол – ақындығы. 70-жылдардың басында қазақ поэзиясына «Соғыстан соң туғандар» деген керемет толқын келді. Сол толқынның ішіндегі ерекше есте қаларлық поэзиясымен келген болатын. Қазақтың даласы қандай бай болса, қазақ поэзиясы да соншалықты бай.

Сондықтан әрбір ақынды көкке көтеріп, бағалауға тұрарлық дер едім. Ағамыз поэзияға келгенде алғашқы кітаптарының өзінен кереметтей поэзияның лебін көрген сол кездегі ақсақалдарымыз «қазақ поэзиясына жаңа акын келді» деп ерекше баға берген. Ал ол кісінің түр-тұрпатына қарап, сол кезде «қазақтың Пушкині» дейтін. Алғашқы әндерінен бастап қазақтың үнін, поэзиясын әлемге танытты.

Майра ІЛИЯСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі:

– Ағаның шаңырағында жиі болдым, тұған қарындасындай болып кеттім. «Майраш, келші, айналайын» деп әндерін ұсынатын. «Сағындырған, әндер-ай» үлкен авторлық жобамды бастарда маған үлкен қолдау көрсеткен Шөмішбай аға болды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді.

Жұмагүл САРИЕВА,
Шөмішбай Сариевтің жұбайы:

– Шөкенмен 50 жыл ғұмыр кешкенім үшін өзімді бақытты сезінемін. Отбасымыз үшін бүгін тарихи күн. 30 жыл осы үйде тұрдық. Үздік туындыларының дені осы үйде туды. Алматы жеміштілігінен бастап Шөкенге арнап ескерткіш-тақта орнатуға атсалысқандардың бәріне басымды иіп, алғыс айтамын.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЙМАҚ



ЖАҢА ЖОБАЛАР

отандық өндірістің тынысын ашады



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жаңа өндірістік парктердің жалпы ауданы 25 мың шаршы метрден асады, мұнда 760 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда. Алматыда барлығы 11 шағын өндірістік парк іске қосылды. Оның ішінде жалпы алаңы 17 мың шаршы метрден асатын аудандардағы 5 өндірістік парк бар. Индустриалды аймақта одан бөлек тағы 6 шағын өндірістік парк құрылған. Жалпы алаңы 31,2 мың шаршы метрден астам аумақты алып жатыр.

Бүгінде шағын өнеркәсіптік парктер суындар, құрылыс материалдары, қағаз өнімдері, дезинфекциялаушы заттар, комбине-зон, металл конструкциялар, жиһаз, галантерея, тұрмыстық химия, кеңсе тауар-

(Соңы. Басы 1-бетте)



КОМИССИЯ

Адам саудасына қарсы іс-қимыл

бағдарлары сараланды



Динара
МУРАТ

Әлеуметтік қызметтер үйінде ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы азаматтар мен өзге де адамдардың әлеуметтік-экономикалық, еңбек, азаматтық және мәдени құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» атты арнайы талдамалық баяндамасының тұсаукесері өтті.

Аталмыш іс-шараға ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комис-

және ағылшын тілдерінде жеке таралыммен басып шығарылды.

Комиссия төрағасы Игорь Рогов өз сөзінде комиссияның таныстырылатын баяндамасының маңыздылығын атап өтіп, мемлекеттік органдардың адам саудасына қарсы күрес саласындағы ҰЕҰ мен Дағдарыс орталықтарымен, сондай-ақ, барлық санаттағы трафик құрбандарына, әсіресе, Қазақстанда уақытша келген шетелдік азаматтар мен Қазақстан аумағында адам саудасының құрбаны болған азаматтығы жоқ адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін нығайтуға ерекше назар аударды.

Тастемір Әбішев әлеуметтік кодекстің



сияның төрағасы Игорь Рогов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мақсат Қықымов, Орталық Азия бойынша көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым үйлестірушісінің міндетін атқарушы Евгений Хон мырза, Алматы қаласы полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов қатысты. Баяндаманы дайындауға Виталий Воронов, Зульфия Байсакова, Салтанат Сыздықова, Әлия Белоносова және Жұмажан Жолдасбеков қатысқан.

Мақсат Қықымовтың сөзіне сенсек, баяндама осыған дейін Мемлекет басшысының, халықаралық және ұлттық сарапшылардың оң бағасын алып, Қазақстандағы көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым миссиясының техникалық жәрдемдесуімен қазақ, орыс

жаңа жобасында республика аумағында уақытша тұратын шетелдік азаматтардың арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға қолжетімділігі туралы норма енгізілетінін ерекше атап өтті. Ол осы жылдың соңына дейін қабылданады. Сонымен қатар, спикер адам саудасының құрбаны болған адамдардың құқықтарын толық сақтауды қамтамасыз ету бүгінгі күні өзекті мәселе екенін мәлімдеді.

Әлемдегі адам саудасынан түсетін жыл сайынғы табыс 150 миллиард долларды құрайды. Бұл қару-жарақ пен есірткі саудасынан кейінгі әлемдегі ең ірі заңсыз пайда көзі. Қылмыскерлер қорғансыз адамдардың ауыр жағдайын пайдаланып, табыс көзіне айналдырады.

#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Бек РАМАЗАН,
оқытушы:

– Егеменді елдің барлық жақсылығын көріп келемін. Тәуелсіз мемлекетте жаңа бағдарламамен білім алдым. Ел асып, шет мемлекет білімінің нәрімен де сусындадым. Мамандық таңдадым. Алған мамандығым бойынша қызмет атқарып, ғылыммен ұштастырудамын.

Қысқаша айтқанда, менің тәуелсіз Қазақстаным маған үлкен мүмкіндік берді. Осының бәрін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманның кезеңінде өткерудемін. Осындай тыныш, берекелі заманымыз мәңгі болсыншы деп тілеймін. «Жас келсе – іске» деп еңбек жолымды жастар саясатынан бастаған мен, бүгінде өзімдей жастарға бағыт берудемін. Жас маманмын. Жас әкемін. Үміт артар ұрпағымның адалдықпен бой түзгенін қалаймын. Отбасым – басты депозитім. Саналы ұрпақ тәрбиелеп шығуға мен барымды салуға дайынмын. Оған менің күш-жігерім де жетерлік, шүкір. Алда бағындырар белес көп. Артымыздан еріп келе жатқан көзі ашық, көкірегі ояу жастарға: «өздеріңе берілген алтындай уақытты тиімді пайдалансаңдар екен» деймін.



Мәдина АЖКЕНОВА,
«Отбасы банк» кеңесшісі:

– Тәуелсіздік – халқымыздың мәңгілік құндылығы, сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі. Тәуелсіздігіміздің арқасында бүгінде жастарға, жағдайы төмен отбасыларға, көпбалалы аналарға үй алуға мүмкіндік берілді.

Менің ойымша, бұл әрбір қазақстандықтың көңілінен шығып, қоныс тойын тойлауына жағдай жасады. Қоғамда баспаналы болу мәселесі қай кезде де өзекті. «Отбасы банк»-тің беріп жатқан мүмкіндігі өте көп.

Бұдан бөлек, көптеген бағдарламалар бар. Оның барлығын адамдар біле бермейді, себебі сауатты түрде кеңес алмайды. Мен де осындай жағдайды басымнан өткізгенмін. Сондықтан баспаналы болудың тиімді әдістері мен жолдарын жақсы білемін. Және үйсіз жүрген адамдардың баспаналы болуына атсалысамын. Бүкіл күш-жігерімді, білімді еңбек жолыма, мемлекет бағдарламаларының орындалуына жұмсаудамын.

Егемендігіміз бен еркіндігіміз мәңгілік болса, әр отбасы баспаналы болып, бақытты ғұмыр кешетініне сенімдімін.

Дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

Зауыт іргесі қаланады



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда түрік инвесторлары металды мырыштау зауытын салуды жоспарлап отыр. Соған орай, Түркия делегациясы Алматы Индустриалды аймағын барып көрді. Бұл туралы Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

Келіссөздер жүргізу барысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастық мүмкіндігін қарастырды. Сөйтіп, Nikel Paslanmaz компаниясының өкілдері Индустриалды аймақ аумағында металды мырыштау және гальванизациялау зауытының құрылысына арналған қаражаттарды инвестициялауға дайын екендерін білдірді.

Қазіргі уақытта «Nikel metal» ЖШС халықаралық компаниясының филиалы Алматы қаласының Әуезов ауданында жұмыс істеп жатыр. Қазақстандық филиал алюминий, декорациялық және қалайымен қапталған қаңылтыр тақталарды, құбырларды және тот баспайтын құрыштан жасалған мүйістерді, дәнекерлеу жұмыстарынан кейін өңдеуге арналған майұнтақтар мен тағы басқа көптеген өнімдерді сатады.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінгі таңда Алматы Индустриалды аймағында 79,7 млрд. теңге инвестиция көлемімен 16 жоба іске асырылды, 253 млрд. теңгеге өнім өндірілді, 2535 жұмыс орны құрылды. Ағымдағы жылдың соңына дейін 564 жұмыс орнын құра отырып, 38,8 млрд. теңге жалпы сомасына тағы да 5 өндірістік жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, 2021 жылы Алматы Индустриалды аймағының аумағында 2 өнеркәсіптік паркті және Түркістан ауданында шағын және орта бизнес субъектілері үшін 220 жұмыс орнын құрумен қатар, 11,3 мың шаршы метр өндірістік жайды пайдалануға енгізе отырып, 1 өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланып отыр. Инвестиция сомасы 1 млрд. теңгені құрайды.

БРИФИНГ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі кезінде Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Бағлан Дандыбаев «Ақжар», «Қалқаман», «Құрамыс», «Қарағайлы» тұрғын алаптарында, «Хан Тәңірі» тұрғын үй кешенінде және Набережная көшесінің бойында серуендеуге және демалуға ыңғайлы қоғамдық орындар пайда болғанын айтты.

Б.Дандыбаев шағынаудандарды трансформациялау бойынша жұмыс жайлы қалалық ортаны қалыптастыру мен бүкіл Алматыны трансформациялау аясында жүргізіліп жатқанын баса айтты. Шеткі аймақтарды дамыту қазір әкімдік жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес біз өз аумағымызды тұрғындар үшін жайлы және

ЭКОЖОБА

Желдену жүйесі зерттелмек



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қаламыздың байырғы тұрғындарынан «Алматының алмасы, ауасы» деген тіркесті жиі естиміз. Сенесіз бе, баяғыда тау бөктеріндегі қаланың ерекше ауасымен тыныстауға жұрт демалыс күндері жан-жақтан ағылып келеді екен.

Рас, жыл өткен сайын қаланың ауа райы өзгеріп барады. Жазы ысып, күз бен көктемде жауын-шашын азаюда. Жауыннан кейін болмаса, түтін мен ыстан еңселі Алатаудың өзі көрінбей қалып жатыр. Шаһар жұртшылығы соған алаңдайды. Соңғы 30 жылда қаладағы жел екпіні 3 есе бәсеңдеген. Мұның себеп-салдарын анықтау үшін жергілікті билік желдену жүйесін зерттейтін жобаны қолға алмақ.

«Қазгидромет» мекемесінің деректеріне сүйенсек, 30 жыл бұрын шаһардағы желдің екпіні секундына 6 метр жылдамдықпен соғатын болса, қазір бұл көрсеткіш небәрі 1 метрге жетер-жетпес. Сондықтан Алматы аспаны түтінді тұманнан ашылмайтын көрінеді. Өйткені, ысты, түтінді қозғауға, қууға желдің екпіні жетпейді.

Тұрғындар өзгерісті көліктің шамадан тыс көптігінен, өте биік үйлердің көптеп салынуынан көреді. Сөздерінің жаны бар. Өйткені, былтыр карантин кезінде көшелер көліктен босап, бәріміз Алатауды анық көріп, түнде жұлдыздарды бақылай алдық. Басқа кезде бұл мүмкін емес. Әсіресе, қаланың ортасында тұратындар жұлдыздарды мүлде көрмейді. Ал биік үйлер ауаны вентиляциялауға кедергі келтіреді дейді тұрғындар.

Мамандардың айтуынша, экологиялық мәселенің себеп-салдарын анықтап, жағдайды жақсарту үшін ауқымды жұмыс

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Алматы – қуаныш қаласы»



«Қайырымды болсаң – қайырын өзің көресің» деген қағиданы ұстанған алматылық жас мұғалімдер Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қайырымдылық эстафетасын бастады.

Аталған шараның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі және аз қамтылған отбасыларға сый тарату. Наурызбай ауданында орналасқан №157 жалпы білім беретін орта мектептің ұстаздары «Алматы – қуаныш қаласы» атты эстафетаны қолға алған. Эстафетаны биылғы жылы ұстаз атанған Анар Арынова ұсынып, қалған жас мұғалімдер тобы бірауыздан қолдаған. Олар аудандағы тұрмысы төмен 8 отбасыға азық-түлік салынған себеттерді өз қолымен дайындап, табыстады.

«Аудан бойынша ең бірінші болып біздің мектептің жас мамандары бастады. Бүгінгі болатын іс-шараға 8 отбасын шақырдық. Келесі болатын іс-шараларға орындарын ауыстырып, шақырып отырамыз», – деді №157 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақжан Әбдіқадыр.

Ігі бастама ата-аналар мен оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Олар өз кезегінде жас мамандарға ризашылығын білдірді. «№157 мектепте 3 балам оқиды. Бізді елеп, құрметтеп, сыйлап жатқаны үшін осы мектептің биыл келіп жатқан жас мамандарына алғысым шексіз», – дейді Маржан Түйебаева.

Эстафетаның жалғасын №188 мектеп-гимназиясы қабылдап алды. Сондай-ақ, алдағы уақытта жас мамандар мүмкіндігі шектеулі оқушыларға планшет сыйлап, азық-түлік түрінде көмек көрсететін болды.

Жайлы аймаққа айналды

жағымды аймаққа айналдыру бойынша үнемі жұмыс жасаймыз. Біз алаңдарды, серуендеу алаңдарын ретке келтіріп жатырмыз, көгалдандырумен айналысамыз. Жақсы жарықтандыру мен жайлы атмосфера үшін біз жаңа көше шамдарын орнатамыз. Шағын аудандарды абаттандыру кезінде біз балалар мен спорт алаңдарын салып жатырмыз», – деді Б.Дандыбаев.

Мысалы, Жандосов көшесіндегі «Ақжар» шағынауданында асфальт пен тартан беті бар екі ойын кешені орнатылды. Аумақта орындықтар, кокыс жәшіктері, қоршаулар мен абаттандыру бар. Набережная көшесінің аумағы өзгертілді, «Қалқаман» шағынауданындағы Мейрам көшесінің бойындағы аулада ойын алаңдары, коньки мен спорт кешені пайда болды.

«Құрамыс» және «Қарағайлы» шағынаудандарындағы, «Хан Тәңірі» тұрғын үй кешеніндегі және Райымбек даңғылының бойындағы аулалардың келбеті өзгерді.

Барлығы 87 қоғамдық орын жабдықталған, оның ішінде 19 жасыл алаң, 35 ойын алаңы және 6 футбол мен баскетбол алаңы бар. Биылғы жылы аудан Райымбек даңғылының бойындағы екі тірек алаңын жақсартты.

Б.Дандыбаев өткен жылдың өзінде Наурызбай ауданында 600 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілгенін айтты. Сонымен қатар, қолданыстағы «Әліби» мен «Тасты-бұлақ» саябақтарын толық жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Биыл ауданда 3000 ағаш көшеті отырғызылды. Келесі жылдың мамырында олар отбасылық демалыс үшін жаңа орын – аудан әкімдігіне қарама-қарсы Alem Park саябағын ашуды жоспарлап отыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

атқару қажет. Ең алдымен, мұндағы құрылыс қарқынын, салынатын ғимараттардың орналасуы мен биіктігін зерттеу керек. Аэрация картасын жасау сол жұмыстың бастамасы болмақ.

– Суық жел келгенде үйдің сыртын қалай әрлеуіміз керек? Жылу ұстайтын қабырғалар жасауымыз керек пе, әлде жеңіл қабырғалар салуымыз керек пе? Мәселе осында. Ары қарай үйлердің жобасы секілді практикалық нәрсеге көшеміз, – дейді қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов.

Мегаполистің желденуі мен ауа айналымына қала маңындағы елдімекендер де әсер етері сөзсіз. «Сондықтан да жеке тұрғын үй секторларын, орман-тоғайларды, құрылыс нысандарын салу жұмыстарын да зерттеу керек» дейді мамандар.

– Біздің білуімізше, қазіргі кезде Алматы қаласының әкімдігі осымен айналысатын ұйымды таңдауға кіріскен. Зерттеу нәтижелеріне қарап қаланың бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Қаланың аэрация, яғни желдену картасын әзірлеу үшін жылдың төрт мезгіліндегі желдің екпінін зерттеу керек болады. Сондықтан бұл жоба тек екі жылдан кейін ғана іске асырылады, – деді ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зулфухар Жолдасов.

КІТАП ФЕСТИВАЛІ

«Kitapfest»



Жыл сайын еліміздің ірі мегаполисінің кітапқұмар тұрғындарының басын қосатын «Kitapfest» фестивалі биыл да ұйымдастырылады. 2014 жылдан бері дәстүрге айналған шара бүгін «Форум» сауда орталығында өтеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, пандемияға байланысты биыл фестиваль форматы шектеулі. Келушілер саны 500-ден аспайды. Кіру шарттары: «Ashuq» қосымшасында «жасыл» статус болуы керек. Міндетті түрде бетперде режимі сақталады. Фестиваль аясында дәрістер, жазушылармен кездесу, кітаптардың тұсаукесерлері мен байқаулар болады.

Биылғы жылы ұйымдастырылатын «KITAP FEST–2021» аясында қызықтайтын шаралар да белгілі болды:

- Спикерлердің баяндамаларын онлайн-трансляциялау;
- Кітап алмасу, соның арқасында сөрені түрлі жанрдағы қызықты кітаптармен толықтырудың бірегей мүмкіндігі пайда болады;
- Жазу шатыры. Отандық жазушылар өз кітаптарын ұсынып, сөз сөйлейді;
- Кітап жәрмеңкесі. Кітап дүкендері, баспалар және интернет-дүкендер көрмеде өз өнімдерін ұсынады, қаласыңыз өзіңізге ұнайтын әдебиеттерді дәл сол жерде сатып ала аласыз;
- Балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы. Әртүрлі белсенді шаралар қарастырылған.

Дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



БРИФИНГ



ЕКПЕДЕН KEЙІНГІ ИММУНДЫҚ ҚОРҒАНЫС вирусқа тойтарыс бере алады

Кейбір елдерде вакциналаудың кешігуі коронавирустың жаңа нұсқаларының пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифингте Профилатикалық медицина академиясының президенті, Америка денсаулық сақтау қауымдастығының мүшесі Алмаз Шарман айтты.

«Біз коронавирустың әртүрлі нұсқалары туралы айтып жатырмыз. 1 маусымнан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оларды грек алфавитінің әріптерімен, яғни «альфа», «бета», «гамма», «дельта» деп атауды шешті. Жалпы, пандемия басталғалы бүкіл әлемде көптеген нұсқа тіркелді. Ай сайын шамамен екі немесе үш нұсқа пайда болды. Сонымен қатар, тиімді вакциналардың пайда болуымен мутацияның жиілігі жылдамдады. Бұл табиғи эволюциялық процесс», – деді профессор.

Оның айтуынша, вирус тірі қалудың жолын іздеп, белсенді түрде мутациялана бастайды. «Іс жүзінде, вирустың тек 30 мың нуклеотид негізі бар және оның мутациялық нұсқаларының саны шектеулі. Вирустардың бірнеше нұсқасы бар, олар жұқпалы және вакциналарға төзімді болуы мүмкін, бірақ олар жұқпалылығын жоғалтады. Бұл «альфа», «бета» және «гамма» нұсқаларымен болды. Біз қазір «дельтаның» өте жұқпалы нұсқасымен күресіп жатырмыз. Бұл коронавирустың соңғы агрессивті нұсқасы деп ойлаймын және болашақта пандемия бәсеңдеуі керек», – деді А.Шарман.

Ол вирустың «оңтүстікафрикалық» нұсқасының вакцинаға төзімді екені анықталғанын да айта отырып, Алайда, ол тез жұқпайтын көрінеді. Ал «дельта» өзінен бұрынғыларды ығыстырып, қауіпті әрі жұқпалы болып шыққан.

Профессор вирустың штамдары мен нұсқаларын шатастырмауды сұрады. Ол штамдар вирустың тағы бір сапалық сипаттамасы екенін атап өтті. Штамдарға 2003 және 2012 жылдары таралған және Оңтүстік-Шығыс Азияда атипиялық негізгі эпидемиясын тудырған вирустар жатады.

Вакциналану артқан сайын вирус өзінің күшін жойып, қарапайым инфекцияға айналады. Яғни вакциналанудан кейінгі иммундық қорғаныс вирусқа тойтарыс береді. Сондықтан екпе алудың маңызы өте зор деп отыр профессор. «Дертпен күресті тоқтауға болмайды. Вакциналанған азаматтар санын көбейте отырып, біз коронавирусты эндемиялық ауруға айналдыратын боламыз. Коронавирусқа қарсы вакцина дерттің ауыр түрінен және өлімнен қорғайды. Қазақстанда вакциналардың болғанымен, екпемен қамту көрсеткіші әлі де төмен. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының көп бөлігінде, Дания сияқты Еуропа елінде, ересектердің 80%-ы вакцина салдырған. Ал біздің ел тұрғындарының 60%-дан астамы вакцинаның бірде-бір дозасын әлі алған жоқ. Қазір Қазақстанда бар барлық вакцина жаңа нұсқаларға қарсы тұра алады», – деді А.Шарман.

Нұр ЖАМАЛ.

КОВИД-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ ӨРШУІ туралы мәлімет негізсіз

«Telergam мессенджерінде COVID-19-ға қарсы екпе салдырғандардың онкологиялық ауруларымен 20 есе жиі ауыратыны туралы хабарлама тарауда. Бұл – жалған ақпарат», деп хабарлайды Stopfake.kz.

Екпе алған адамдар үшін онкологияның даму ықтималдығы 20 есе жоғары деген тұжырымның авторы – доктор Райан Коул. Ол бұған дейін де екпелердің қауіптілігі туралы негізсіз және ғылымға қарсы мәлімдемелер жасаған, оларды мамандар жокқа шығарған болатын.

«КВИ-ге қарсы вакциналау аздағы қатерлі ісіктердің пайда болу ықтималдығын арттыруы мүмкін» деген ақпарат қатерлі ісік ауруын зерттеу жөніндегі халықаралық агенттіктің, АҚШ Ұлттық қатерлі ісік институтының және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайттарында жоқ. Имундауға арналған препараттар қандағы Т-жасушаларының (т-лейкоциттердің) санын едәуір төмендететіні туралы теория Британдық

Фрэнсис Крик институты ғалымдарының ғылыми зерттеулерін дұрыс түсіндірмеуден шыққан.

Мамандар өз еңбектерінде Sars-CoV-2 коронавирусына қарсы Pfizer/BioNTech өндірген препаратпен егілу нәтижесінде алынған бейтараптандыратын антиденелердің белсенділігін бағалаған. Зерттеудің толық мәтіні The Lancet журналында жарияланды. Осыдан кейін желіде ғалымдар вакцинаның «Т-жасушаларын бұзатынын» және «иммундық жүйені әлсірететінін» анықтады деген ақпараттар тарала бастады. Бұларды еңбек авторларының бірі Дэвид Бауэр жокқа шығарды.

– Біздің еңбекте Т-жасушалары мүлдем зерттелмейді. Бүгінгі таңда жарияланған барлық зерттеулер «Pfizer» вакциналары (және басқалары) SARS-CoV-2-ге қарсы күшті, он, Т-жасушалық қорғаныс реакциясын тудыратынын көрсетті, – деді ол Associated Press басылымына берген сұхбатында.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Ерік КӘРІБАЕВ, қала тұрғыны:

– Демалыс күнді пайдаланып жұбайым екеміз өзіміз тіркеуде тұратын емханаға екпе алуға бардық. Танертеннің өзінде ұзын-сонар кезек екен. Таңқалдым. Екпе салдыруға келгендердің басым көпшілігі – егде жастағылар. Қатер тобында болғандықтан, олардың ниеті түсінікті де. Бірақ бас салып, еге берейін деп отырған дәрігерлер жоқ. Денсаулығы жайлы егжей-тегжейлі сұрастыруда. Барған бетте менен де сұрады. Қан қысымы, сатурация өлшенді. Сауалнама толтырдым. Екпе алғаннан кейін болуы ықтимал белгілер туралы да айтылды. Ақыры вакцинаға рұқсат етті. Екпе кабинетінде Гам-КОВИД-Вак («Спутник V») вакцинасы салынды. Одан кейін 30 минут күту залында отырдым. Бұл уақытта ешқандай ауырсыну сезілмеді.



Айнұр ТҮРМАНБЕТОВА, менеджер:

– Қазіргі таңда мыңдаған адам вакцина салдырды. 1 апта бұрын коронавируска қарсы вакцинаның бірінші компонентін алдым. Барша қазақстандықты белсенді түрде вакцина алуға, одан қорықпауға шақырамын. Әсіресе, қазір вирустың жаңа штамы пайда болған кезде вакцина салғызудың маңызы ерекше. Бұл өз денсаулығымыз үшін керек. Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Осы қиындықты бірлесіп енсеруге тиіспіз. Баршаңызға шын жүректен мықты денсаулық пен бақ-береке тілеймін!



Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

МӘМС

МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Ержан Бабақұмаров халықты МӘМС жүйесімен қамту мәселелері бойынша штаб отырысын өткізді



Рая ЕСКЕНДІР

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров халықты МӘМС жүйесімен қамтудың өзекті мәселелері бойынша өңірлік штабтың онлайн-отырысын өткізді. Ағымдағы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша ағымдағы жағдай және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың деректерін өзектендіру үшін қабылданатын шаралар, сондай-ақ, қызметкерлердің сақтандыру жүйесінен «түсуіне» жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыс қаралды.

Алматыда медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған азаматтардың саны 1,6 млн. адамды (78%) құрайды, шамамен 450 мың азамат сақтандырылмаған күйінде қалып отыр. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, «сақтандырылу» мәртебесінің болмауының негізгі себебі жұмыс берушілер, ЖК тарапынан да, бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер болып табылатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар тарапынан да тұрақты емес төлемдер болып табылады.

Халықты МӘМС жүйесімен қамтуды кеңейту мақсатында ағым-

дағы жылдың 8 айында 7730 жеке консультациялар, 13 мыңнан астам адамды қамти отырып, қала тұрғындарымен және медицина қызметкерлерімен 430 кездесулер мен оқыту іс-шаралары өткізілді.

Сонымен қатар, ЖОО-лар ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесіне оқуды аяқтаған және оқуға түскендерді ескере отырып, студенттердің деректерін өзектендіру бойынша жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, қаланың жоғары оқу орындарының жаңадан қабылданған студенттеріне уақытша мәртебе беру үшін МӘМС жүйесінде тіркеудің қадамдық алгоритмі түсіндірілді.

Бұдан басқа, алғашқы медициналық-санитариялық көмек (МСАК) ұйымын еркін таңдау бойынша бекіту науқанын өткізу мәселесі қаралды. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Егер өткен жылы қалада 70 мың бекітілмеген халық болса, бүгінгі күні – 51 мың (14%-ға азаю). Мәселен, ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін алматылықтардың медициналық сақтандыру аясында қызмет көрсету үшін 73 медициналық ұйымға тіркелу мүмкіндігі бар: 40 – мемлекеттік және 33 – жекеменшік нысаны.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша еңбекке қабілетті жастағы адамдар сақтандырылмаған болып табылатыны анықталды. Осыған байланысты әкімнің орынбасары Ержан Бабақұмаров

сақтандырылмаған азаматтарды қала экономикасына тарту жөнінде, оның ішінде Нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша іске асырылып жатқан бағдарламалар шеңберінде қолдау тетіктері арқылы бірқатар нақты тапсырмалар берді. Қала аудандарының әкімдіктері кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен, Кәсіпкерлер палатасымен және аумақтық мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, ШОБ субъектілерінен МӘМС жүйесіне міндетті жарналар мен аударымдарды уақытылы аудару мониторингін күшейтуі қажет.

Қоғамдық денсаулық сақтау, қоғамдық даму басқармаларына және МСАК ұйымдарына Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығымен бірлесіп, бекітілген халық тіркеліміндегі деректерді өзектендіру мақсатында үй-үйді аралау жұмыстарын күшейтілген бақылауға алу, сондай-ақ NEET санатындағы (оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын) студенттер мен жастардың мәртебесін өзектендіруді қамтамасыз ету тапсырылды.

Естеріңізге сала кетейік, медициналық көмек алу проблемаларын болдырмау үшін барлық азаматтарға МӘМС жүйесіндегі өз мәртебесін Qoldau 24/7 қосымшасы, saqtandury телеграмм-бот және сайт арқылы тексеру ұсынылады fms.kz. сақтандырылу мәртебесі болмаған жағдайда жарналарды төлеуді бастау ұсынылады.

ҰТЫС



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыдағы Көк базар маңында екпе алғандар мен санақтан өткен тұрғындар арасында тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ ұтысы ойнатылып жатыр.

«Екі бірдей науқанға қатысып, сыйлық ұтып ал» деп аталатын шараны Медеу ауданының әкімдігі ұйымдастыруда. Аталмыш акция 3 күнге созылады. Егемендіктің 30 жылдығына байланысты ұтыс ойындарына Тәуелсіздік құрдастары, айдың 30-жұлдызында туған алматылықтар да қатыса алады.

Бүгінгі күні Медеу ауданының 45 мыңға жуық тұрғыны санақтан онлайн өтіпті. Ал сынақтан өте алмайтын тұрғындар үшін арнайы 16 орын дайындалған. Ондағы кеңесшілер sanaq.gov.kz порталына тіркеліп, сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.

«Онлайн-санақтан өте алмайтын зейнеткерлеріміз бар. Ұялы телефонды пайдалана алмайтын, оған мүмкіндігі жоқ тұрғындар

НАУҚАНҒА ОРАЙ – СЫЙ



болса, осындай 16 пунктке келіп, онлайн-санақтан өте алады, оған бар жағдайды жасап отырмыз», – деді Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев.

Көк базар маңында өтіп жатқан ұтыс ойындарына ыдыс-аяқ, фен, сағат, электрлі шөйнек сынды бағалы сыйлықтар тігілді. Бұл жолы сауда орнына азық-түлік сатып алуға келген Тамара Рахымованың жолы болды. Бүгін онлайн-санақ-

тан өтудің сәті түсіп, қазан ұтып алды.

«Базарға ұлыма кітап сатып алуға келіп едім. Осындай ұтыс ұйымдастырылғанын көріп, отбасымызбен санақтан өттік. Ұялы телефонға келген хабарламаны көрсетіп, лотереяға қатыстық. Күтпеген жерден жүлделі болдым. Ісшараны ұйымдастырушыларға ерекше алғыс білдіремін», – деді қала тұрғыны Сәуле Әділова.


Мұнда, сондай-ақ, екпе алғандар арасында да ойын өткізілді. Қаншама қазақстандықтың өмірін қиған коронавирусты жеңудің жолы вакцина екенін тек дәрігерлер ғана емес, еліміздің өнер қайраткерлері де айтып жатыр. «Бұл – өте қажет нәрсе. Себебі, індеттің бір күні тосыннан келіп, есенгіретіп тастау мүмкіндігі жоғары. Аты жаман ауру талайдың өмірін жаламды. Сондықтан барлық отандасымызды екпе алуға шақырамын. Үрейленіп, сенбедің мүлдем қажеті жоқ», – деді Қазақ КСР халық әртісі Лаки Кесоглу.



САНАҚҚА ҚАТЫСУ – Елімізде жалпыұлттық

САНАҚ ТАРИХЫНАН


1959–2009 санақ жылдарындағы Қазақстан Республикасы халқы санының динамикасы (мың адам)



Бұрынғы КСРО құрамындағы Қазақстан халқының соғыстан кейінгі санақтары 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдары өтті.

Тәуелсіз Қазақстанда бірінші ұлттық халық санағы 1999 жылы, ал екіншісі – 2009 жылы болды. Санақты Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ұйымдастырды.

2009 жылғы санақ деректері бойынша Қазақстан Республикасы халқының жыныстық-жастық пирамидасы (мың адам)



Барлық халық санақтары қағаз жеткізгіште әр адамға жаппай сауал салу арқылы жүргізілді. Санақ барысында қағаз жеткізгіште алынған деректер өңделіп, қалыптастырылып және жиынтық деректер түрінде жарияланымға жіберілген.

1999 жылғы және 2009 жылғы санақ қорытындылары бойынша дайындалған анықтамалықтар, жинақтар, баспасөз хабарламалары, мақалалар және басқа да статистикалық, мағалымдық және ақпараттық материалдар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында қолжетімді.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Халық санағының қорытындылары жалпы ел бойынша, қалалық және ауылдық жерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да сапалық және сандық белгілері бойынша халық санының құрылымындағы өзгерістер сияқты халықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен 10 жыл ішіндегі Қазақстан Республикасында болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді.

Санақ нәтижелері үй шаруашылықтарының жағдайларын, некелік-отбасылық қатынастарды жақсарту, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін, халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін, сонымен қатар, білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін қажет.

үйді аралап жүріп анықтамақ. Олар үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдаланады, азаматтардың деректері санақ жүргізушінің қолындағы сол планшеттік компьютерге толтырылады. Мұның өзі санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам

факторының ықпалын азайтуға, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін жұмыстың қолайлылығы мен жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ жүргізуші арнайы мобильді

Халық санағы кемінде он жылда бір рет өткізіледі. Бұл мемлекет үшін маңызы зор, халық үшін шарапаты мол шара арқылы әр ел өз келешегін бағдарлайды. Сол арқылы дамудың экономикалық-әлеуметтік ахуалын, халықтың өсу динамикасын, тұрмыс сапасын бағамдайды. Жалпы, санақ маңызды сараптамалық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Онда халықтың нақты саны, жасы, гендерлік құрамы, урбанизация деңгейі, халық табысы, тексерілген, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті басқа да ақпараттар қамтылады.

Ұлттық санақ деректері, ең алдымен, мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік және демографиялық бағдарламаларды жасау үшін қажет.

Биылғы санақ бұрынғылардан бөлектеу. Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу – бұл санақтың басты жаңалығы.

Қазақстандықтар санақтан өту үшін қандай әдіс ыңғайлы екенін өздері тандай алады. Азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылып отыр.

2021 жылғы халық санағының ұраны – **«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»** бағдарымен сипатталады. Яғни санақшылар назарынан 19 миллионнан астам Қазақстан азаматтарының ешқайсысы да сырт қалмауы тиіс. Бұл маңызды шара әрбір қазақстандықтың жайлы да сапалы тұрмысының алғышарттарын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан жалпыұлттық санақ науқанына қатысу жайлы қажетті ереже-бағдарлар мен деректерді оқырмандарымыздың назарына тағы бір ұсынғанды жөн көрдік.

Санақ ХАЛЫҚ үшін жүргізіледі!

Қазақстандықтардың өмір сүруі, тұрмыс сапасы үшін қажетті жағдай жасаудың есебін білу үшін ХАЛЫҚ САНАҒЫН жүргізу маңызды! Атап айтқанда, бұл науқан:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған балабақшалар салу үшін;
2. Жастарға арналған жатақханалар, мектептер, университеттер, стадиондар және т.б. салу үшін;
3. Еңбекке жарамды жастағы тұрғындар үшін, кәсіпкерлік нысандарын кеңейту және дамыту үшін;
4. Аға ұрпаққа, Ана мен балаға клиникалар, ауруханалар салу, санаторийлер желілерін кеңейту және тағы да басқа қажетті мақсаттар үшін ақпараттар мен деректерді жинау мақсатын көздейді.

Онлайн-санақтың артықшылығы неде?

- *Онлайн-санақ кезеңінде sanaq.gov.kz сайты тәулік бойы жұмыс істейді. Респондент санаққа қатысуға өзі үшін неғұрлым ыңғайлы уақытты таңдай алады.*
- *Сайтта бланкіні толтыруды тоқтата тұру және кейін жалғастыру мүмкіндігі бар. Бұл да респонденттер үшін қолайлы. Сонымен қатар, Egov.kz электрондық үкімет платформасында sanaq.gov.kz сайты кіші парағы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) де санақтан өтуге болады. Мобильді қосымшалар арқылы да санаққа қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Азаматтар «Aitu» мобильдік қосымшасымен де ұлттық санақтан өте алады.*

«Алматы акшамы» өз оқырмандарына хабарлағандай, sanaq.gov.kz арнайы сайты онлайн-санақ жұмысын 1 қыркүйектен бас-

тап кетті. 22 қыркүйек күнгі сағат 15.00-дегі жағдай бойынша 5003105 респондент (26,3%) онлайн-санақтан өткен. Олардың 4323686-сы sanaq.gov.kz сайтында, 484878 адам Egov порталында тіркелу арқылы жауап берсе, 194541 адам санаққа «Aitu» қосымшасы арқылы қатысқан.

Қауіпсіздік кепілі

Індеттің таралу қаупін азайту мақсатында азаматтарға sanaq.gov.kz сайты арқылы санаққа қатысу ұсынылды. Отандастарымыз санақтың осы әдісінің артықшылықтарын түсінгендері абзал. **Індетке қарсы күрес амалы ретінде интернет-сауалнамаға жауап беру арқылы санақ науқанына қатысу – бірден-бір қауіпсіздік кепілі.**

КЕРЕК ДЕРЕК

Еліміз үшін бұл – Тәуелсіздік алғаннан бері үшінші халық санағы. Алғашқы екі халық санақтары 1999 және 2009 жылдары өткізілді. 1999 жылғы санақтың қорытындысы бойынша, қазақстандықтардың саны – 14 981 281 адамды, ал 2009 жылғы өткізілген санақ нәтижесі 16 009 597 адамды құрады. Келесі сайлау науқаны 2019 жылға белгіленген еді. Алайда, санақты дайындау мен өткізуге байланысты бірқатар ұйымдастырушылық мәселелерді ескере отырып, оны 2020 жылы өткізу туралы шешім қабылданды. Ал әлемді жайлаған коронавирустық инфекцияның біздің елімізде де таралуына орай және енгізілген карантиндік шектеулерге байланысты санақ мерзімін 2021 жылға, яғни биылға шегеру туралы шешім шығарылды.

Президент жанындағы реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңестің шешімі бойынша кезекті ұлттық санақ биыл өткізіліп отыр. 2021 жылдың желтоқсанында халықтың жалпы саны бойынша жедел деректер дайындалатын болады. 2022 жылы алдын ала қорытындылар жарияланады, ал 2023 жылы халық санағының соңғы қорытындысы шығарылады.

Қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға тікелей жауап бере алады. Сайтқа тоулік бойы кіру қамтамасыз етілген. Азаматтар тұрғылықты жеріне қарамастан, виртуалды көмекшінің көмегімен санақты өздері және отбасы мүшелері үшін сауалнамалар толтыру арқылы дербес аяқтай алады. Санақ жүргізу кезеңінде еліміздің барлық аумағында ұялы және стационарлық телефондарға арналған тегін бірыңғай «1446» call-орталығы жұмыс істейтін болады. Call-орталыққа қоңырау шалу – тегін. Сондай-ақ, **8 8000 800 878** нөміріне де хабарласу мүмкіндігі бар.

Офлайн-санақ қалай жүргізіледі?

Онлайн-санақтан белгілі бір себеппен өтпеген азаматтарды, интернет жүйесіне қосылмаған ауыл-аймақ тұрғындарын, шалғай елдімекендердегі тұрғындарды қамту үшін қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып, 2021 жылдың 1 қазанынан 30 қазанына дейін дәстүрлі офлайн санақ жүргізілетін болады. Учаскелерді аралау кезінде интервьюерлер (сұхбатшылар) медициналық бетперделер мен қолғаптарды, антисептиктерді қолдану сияқты барлық сақтық шараларын сақтайды.

Бұл кезеңнің де өз жаңашылдығын айта кеткен жөн. Барлық деректерді санақшылар дәстүрлі әдіс арқылы, үй-



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Санақ сұхбатшысын ерекшелендіретін белгілер

Офлайн-санақ жүргізетін сұхбатшыда (интервьюер):

- Ұлттық халық санағының символикасы бар көк түсті шарфы мен портфелі бар;
- Мөрмен расталған тиісті куәлігі беріледі;
- Қолында санақ нысандарының тізімі бар мобильді қосымшалы планшет болады.

Сұхбатшы туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім (республика бойынша) орналастырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін біріңғай нөмірі **1446 және 8 8000 800 878** call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.



АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ!

халық санағы өтіп жатыр



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕЛІМІЗДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ ТУРАЛЫ (2021 жылғы қантар–маусымдағы дерек)

2021 жылғы 1 шілдеге еліміздегі халық саны 19009,6 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 11256,5 мың (59,2%), ауылдықтар – 7753,1 мың адам (40,8%). 2020 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда халық саны 249,5 мың адамға немесе 1,3% өсті.

қосымшаның көмегімен барлық кіріктірілген арифметикалық және логикалық бақылауды ескере отырып, сауалнама жүргізе алады, жіктеуіштер мен анықтамалықтарды қолдана алады. Алынған мәліметтер тікелей ортақ дерекқорға жіберіледі.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл шаралар:

- деректер факторына адам факторының әсерін барынша азайтады;
- ЖСН қолдану арқылы сенімділік деңгейін жоғарылатады;
- ақпараттың қайталануына жол бермейді.

Санақ деректерінің құпиялығы қатаң сақталады!

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті хабарлайды:

Мәліметтер тікелей жалпы ақпараттар базасына жіберіледі. Деректердің құпиялығы заңнамамен кепілдендіріледі. Азаматтар туралы барлық мәліметтер қорғалады және қатаң түрде құпия сақталады. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарына орай, санақ аясындағы барлық қызметкерлер де, оның ішінде уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер де құпиялықты сақтау туралы келісім-шартқа қол қояды. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, барлық алғашқы статистикалық деректер құпия болып есептеледі және оны мемлекеттік статистика органдары тек статистикалық ақпарат жасақтау мақсатында пайдаланады.

Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау барысында барлық мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз етеді. Олардың қызметкерлерінің алғашқы статистикалық деректерді жоғалтқаны, сатқаны, бергені және өзге де заңсыз жария еткені үшін заң жүзінде жауапкершілік көзделген.

Азаматтардан алынатын барлық ақпарат қорғалған байланыс арналары арқылы бюросының орталық серверіне беріледі. Мұнда барлық деректер криптографиялық қорғау құралдарымен қорғалған. Санақ персоналы жұмыс барысында пайдаланатын планшеттік құрылғылардан деректерді серверге беру кезінде де халық санағының деректерін қорғау қатаң қадағаланады.

КЕРЕК КЕҢЕС

Санақ парағына тұрақты мекенжайын толтыру кезінде кездесетін қиындықтар

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі хабарлағандай, респонденттердің онлайн-сауалнамадан өтуіне қатысты бірқатар сұрақтар туындаған.

Атап айтқанда, кейбір азаматтар тұрақты мекенжайын толтыру кезінде қиындықтарға тап болған. Респондентке көше атауының алғашқы әріптерін енгізу керек, содан кейін жүйе автоматты түрде ұқсас нұсқаларды шығарады. Егер бірінші әрекет кезінде қажетті мекенжайды табу мүмкін болмаса, қазақ және орыс тілдерінде түрлі вариацияларды теру қажет. Мысалы, «Жеңіс» көшесі. Егер респондент «Жеңіс» атауын терсе, жүйе қажетті мекенжайды бермейді. Себебі, көше атауында қазақ тіліне тән әріптер бар. Айта кету керек, тұрғылықты мекенжай жолын толтырған кезде көше атауы мекенжай регистрінде қалай көрсетілгенін ескеру қажет.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде sapaq.gov.kz сайты арқылы сауалдарға жауап беру кезінде әлдебір қателіктің шыққаны туралы хабар тарады. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік тіл білімінің деңгейіне қатысты сұраққа қатысты. Тараған бейнежазбаның басында респондент 3-ші парақтың 13-ші сауалына (Сіз қай тілдерді меңгергенсіз?) жауап беру кезінде қазақ және орыс тілдерін меңгергенін көрсеткен. Келесі сауал (Сіз мемлекеттік тілді меңгергенсіз бе? Егер «Иә» деген жауап болса, онда сіз оны күнделікті өмірде қолдanasыз ба?) мемлекеттік тілді күнделікті өмірде қолдану-қолданбауын нақтылау мақсатында қойылған. Егер алғашқысында «қазақ тілін меңгергенін» көрсетіп, келесі сұрақта керісінше жауап қатса, жүйе қателікті аңғарып, бірден белгі береді. Осылайша адами факторға жол берілмейді. Санақ парақтарында бірнеше өзара байланысты сұрақтар бар. Сондықтан жүйе жауаптардың бірізді болуын қамтитындай құрылған.

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ sapaq.gov.kz порталына тәулік бойы мониторинг жүргізеді және хакерлік шабуылдардың алдын алу қамтамасыз етеді.

Санақтан бас тартқандарға жауапкершілік қарастырылған. Жалпыұлттық халық санағына қатысу – ең алдымен, азаматтық парыз әрі әлеуметтік жауапкершілік!

– Санақтан бас тартқандарға жауапкершілік қарастырылған. Санақ кезінде әр адам респондент болып есептеледі. Ақпарат бермегені үшін немесе белгісіз мәлімет бергені үшін жауапкершілік қарастырылған. Бірақ біз оны қолданбаймыз, халыққа санақтан өтудің пайдасын түсіндіріп жатырмыз, – деді ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айдар Әбілдабеков.

Қаланың бас санақшысының айтуынша, Алматыда санаудың негізгі кезеңіне 2416 интервьюер, 345 нұсқаушы-контроллер және 37 комиссар тартылған. Сонымен қатар, 146 ерікті санақ пунктіндегі онлайн-санаққа жұмылдырылған.

Санақтан өту кезінде отбасы мүшесін қосуды ұмытып кеткендер не істеуі керек?

1446 байланыс орталығына санақ парақтарын толтыру кезінде түрлі себептермен отбасы мүшелерін (балаларды, ата-аналарды, туыстарды және т.б.) қосуды ұмытып кеткендер мен ҚР аумағында уақытша тұрамын деп көрсеткен респонденттер жиі хабарласуда.

Егер тіркелген әрі санақтан өткен респондент санақ парағына өзгеріс енгізуді қаласа, байланыс орталығына немесе аймақтардағы жауапты тұлғалардың телефондарына хабарласуы қажет (тізім sapaq.gov.kz сайтында көрсетілген).

Байланыс орталығына хабарласқаннан кейін респонденттерде үй шаруашылығы (отбасы) мүшелерін қосу, уақытша тұрғынын көрсеткен азаматтар үшін тұрақты тұратынын белгілеп, 3-ІІ санақ парағын өзі және қосылған отбасы мүшелері үшін толықтыру мүмкіндігі болады.

Бұдан бөлек, анкетаны қазанның 1–30 аралығында үйлерді аралайтын интервьюерлердің көмегімен де толтыруға болады.


Тұрмыс-тіршіліктің шектеулері жайлы сауалдар не үшін қажет?

Санақ парақшаларындағы бұл сауалдар маңызды әлеуметтік бағдарламаларды қабылдау үшін қажет. Тұрмыс-тіршіліктің шектеулері жайлы сауалдар мемлекеттік органдарға мүмкіндігі шектеулі жандар мен өмір сүруінде үлкен қиындықтары бар, бірақ медициналық мекемелерге жүгінбеген адамдардың саны туралы неғұрлым толық деректер береді. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді.

– Тұрмыс-тіршіліктің шектеулері деген тармақтағы сауалдар қызу талқыланды. Неліктен көру, есту, жүру және есте сақтау көрсеткіштері енгізілді? Айта кетейік, бұл сұрақ алдыңғы санақта да қойылған. Бірақ басқа формада берілді. 2009 жылғы халық санағының «Сіз жүру, есту, көру және сөйлеу

ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ БЮДЖЕТІ

Қазақстан Республикасы халық санағының жиынтық бюджеті – 9 078,172 млн. теңге (2018 жылдан бастап 2023 жылдар бойынша)



Қазақстан Республикасы халық санағының жылдар бойынша бюджеті (млн. теңге)



қиындықтарын сезінесіз бе?» деген жалпылама сұрағы қиындық түрлері бойынша қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік бермеді, – деп түсіндірді Н.Айдапкелов.

2021 жылғы санақ парағына енгізілген тұрмыс-тіршіліктің шектеулері сұрақтарын мүгедектік статистика жөніндегі Вашингтон тобы ұсынған екен. Бұл бөлімде 5 сұрақ бар, мұнда тұрғындарға денсаулығына байланысты белгілі бір әрекеттерді орындау кезінде күнделікті өмірде кездесетін қиындықтарды бағалау ұсынылады.

Бюро басшысы халық санағының қорытындысы бойынша мүгедектер мен өмір сүруінде үлкен қиындықтар мен шектеулері бар, бірақ медициналық мекемелерге жүгінбеген және сондықтан ағымдағы статистикада көрсетілмеген адамдардың саны туралы деректер алынатынын мәлімдеді. Нәтижелер ұлттық бағдарламалар мен мүгедектердің құқықтары жөніндегі Конвенция шеңберінде одан әрі зерттеулер жүргізу үшін іріктеулер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәліметтер базасында қателіктер де кездеседі

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов халық санағы мемлекеттік деректер базасында

ғы кейбір мәселелерді анықтауға мүмкіндік бергенін атап өтті.

– Халық санағын өткізу барысында азаматтарға қатысты бірқатар мәліметтерден қате кеткені белгілі болды. Санақтан өткендер сауалнама толтырудың бастапқы кезеңінде кейбір жолдардың автоматты түрде толтырылатынын аңғарған болар. Бұл – аты-жөні, жынысы және мемлекеттік деректер базасынан алынатын басқа да ақпараттар, – деп атап өтті ол. Оның айтуынша, төрт ер адам деректер базасында әйел ретінде көрсетілген. Ал үш әйел еркек ретінде көрсетіліп тұрған. «Бұл адамдарға статустарын өзгерту үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгінуге кеңес берілді», – деп қорытындылады өз сөзін Бюро басшысы.

Сонымен, жалпыұлттық халық санағы жүріп жатыр. Оған азаматтардың белсенді қатысуы маңызды! Санақты онлайн өтемің деушілер үшін sapaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді.

Ал онлайн-санақтан өтіп үлгермегендер 1–30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін. Қазақстанда әркім маңызды!

P.S.:

Санақ науқаны аяқталған соң интервьюерлер пайдаланған электронды планшеттер тиісті аймақтардағы мектептерге беріледі. Бізде бар мәліметтерге сәйкес, халық санағына арнайы қытайлық KOUZONE MTK6592 маркалы 27 412 планшеттік компьютер сатып алынған. Біреуінің құны – 39 000 теңге шамасында, жалпы 1 миллиард 085,6 миллион теңге жұмсалған.

Дайындаған Т.ДЕРБІСАЛИН.
(Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы).



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

«Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз»

Ізгі ниетті игілікті іске айналдырайық



Кензехан МАТЫКАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры

Қоғамдық ортада соңғы жылдары көп талқыланып, көпшіліктің наразылығын тудырып жүрген өзекті мәселелердің бірі – ғылымды дамыту екендігі белгілі. Мемлекет басшысы өзінің 7 тараудан тұратын «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын биылғы Жолдауында бұл мәселеден толық хабардар екендігін білдіріп, оны оңтайлы шешудің жолдарын нақтылады.

«Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз» дей отырып, бұл саланы реттейтін Заңдар мен заңнамалық құжаттарға жыл соңына дейін өзгерістер енгізу қажет екендігін баса көрсетті. Ол өзгерістер мынандай маңызды мәселелерді қамтуы тиіс: Бірінші кезекте, ғылыми зерттеумен айналысатын жетекші ғалымдардың тұрақты және еңбегіне лайықты жалақы алу мәселесін шешу. Ол үшін ғылыми зерттеу институттарын базалық қаржыландыру есебінен тікелей қаржыландыруды тапсырды.

Осы уақытқа дейін ғылыми-зерттеу институттары үш қаржылық көзден – базалық, гранттық, нысаналы түрде қаржыландырылатын. Базалық қаржыландыруға мекемені басқарушылар мен әртүрлі қызмет көрсетушілер ғана енгізілетін. Оның құрамына жетекші ғылыми қызметкерлер енбейтін. Ал гранттық, нысаналық жобалар бойынша ғылымның өзекті мәселелері бойынша 2-3 жылға конкурс жариялау арқылы жүзеге асырылатын. Гранттық және нысаналы жобаларды ұта алмаған ғылыми қызметкерлер екі-үш жылға қаржысыз қалатын. Мұның салдары ғалым-мамандардың тұрақсыздығына, ғылыми зерттеулердің үзіліп қалуына апарып соқтыратын. Бұл үрдіс, әсіресе, іргелі ғылыми зерттеулерге орасан зардап келтірді. Міне, Президент тапсырмасы осы мәселені оңтайлы шешуді қарастырады. Бұл тапсырма жүзеге асатын болса, Білім және ғылым министрлігінің белгілеген ережесі бойынша іріктелген ғылыми-зерттеу институттары базалық тұрғыдан тікелей қаржыландырылатын болады.

Екінші мәселе, гранттық қаржыландырудың тым қысқа (екі-үш) мерзімге белгіленуі іргелі ғылымның дамуына кең өріс жасай алмайтын. Оның үстіне аз уақыттың ішінде күрделі тақырыптарға кешенді, іргелі зерттеулер жүргізу де мүмкін емес еді. Осы мәселені ретке келтіру мақсатында, Президент гранттық жобалар мерзімін бес жылға дейін ұзартуды ұсынды.

Үшінші мәселе, Ұлттық ғылыми кеңес шешімдеріне ғалымдар көп жағдайда наразы болып жатады. Бірақ сол наразылықты дәлелді түрде негіздеп, өз шағымдарын айтатын өкілетті орган жоқ еді. Қандай жағдайда болмасын Ұлттық ғылыми кеңес шешімі талқылауға, шағым жасауға бол-

майтын ақтық шешім болып қалатын. Міне, осындай оралымсыздық та, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай оңтайлы шешілетін сияқты.

Халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолында осындай көкейтесті мәселелерді қозғай отырып, Президент 5 бастаманы ел назарына ұсынды.

Бірінші бастама келесі жылдың қаңтар айынан бастап, ең төменгі жалақыны 42 мың бес жүзден 60 мың теңгеге дейін көтеру жөнінде болды. Бұл қарапайым халықтың күнкөріс тіршілігінің барлық буынына жүйелі түрде әсер ететін ауқымды шара болмақ.

Екінші бастама Үкіметке жұмыс берушілердің, соның ішінде кәсіпкерлердің өз жұмысшыларының жалақысын көтеруін ынталандыру үшін «ұтымды» шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды. Енді жұмыскерлерінің жалақысын көтерген кәсіпкерлерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін болады.

Үшінші бастама бойынша микро және шағын кәсіпкерліктің еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақты жеңілдету мақсатында олардың салық мөлшерін 34 пайыздан 25 пайызға төмендете отырып, еңбекақы қорынан бірыңғай төлем енгізу ұсынылды. Бұл жүйе 2023 жылдан бастап жұмыс істей бастайтын болады.

Төртінші бастама 2022 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта осы уақытқа дейін мардымсыз жалақы алып келген азаматтық қызметкерлердің (мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер, т.б.) жалақысын жыл сайын 20 пайызға көтеруді көздейді. Бұл бастаманың шарапаты шамамен 600 мыңнан астам адамға тиеді екен. Бұл да қоғамдық ортада көптен наразылық туғызып келе жатқан қарапайым қызметкерлердің жан жарасы болатын.

Бесінші бастама жұртшылықтың ең жанды жері – баспана мәселесіне арналған. Бұл саланы оңтайландыру үшін Мемлекет басшысы жаңа тұрғын үй бағдарламасын әзірлеуді тапсырып, оның әкімшісі ретінде «Отбасы банкі» құруды міндеттеді. Бұл банк «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, ашық жұмыс жүргізетін болады. Зейнетақы қорының басы артық қаражатын да тұрғын үй сатып алуға осы банкке аударуға рұқсат беру қажеттігін ескертті.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа Жолдауы бүкіл әлемдік пандемия жылдары қоғамда қордаланып қалған көкейтесті мәселелерді көтерген және оны шешудің нақты жолдарын көрсеткен бағдарламалық құжат болды деуге толық негіз бар. Қазіргі қыл арқандай ширатылып, дүниенің апшысы қуырылып тұрған қиын заманда біздің елімізге ең керекті – құрыштай берік ынтымақ пен бірлік, сол ынтымақтан нәр алатын халықтың ырыс-берекесі екендігін Мемлекет басшысы дөп басып көрсете білген.

Ендігі үлкен мақсат – осы Жолдауда айтылған ізгі ниетті игілікті іске айналдыра білуде болса керек.

ПРЕМЬЕРА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Әлем мен музыка үйлесімділігі



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматыда «Марсқа сапар» симфониясының әлемдік премьерасы көрсетілді. Музыкалық туындыға қосылған арнайы эффект дүние жүзі бойынша алғаш рет тәжірибеден өтті.

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында жаһан

жұртының назарын аударған симфониялық концерт өтті. Премьера Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания сынды әлем елдерінің композиторларының басын қосты.

Халықаралық деңгейдегі мәдени жоба «Марсқа сапар» деп аталды. Музыкалық туындыға қосылған арнайы эффект техникалық тұрғыдан да, орындаушылық жағынан да жаһан бойынша бірінші рет тәжірибеден өтуде.

Белгілі музыкант Марат Би-

сенғалиев Алматыға екі жылдық үзілістен кейін арнайы ұшып келді. Бастапқыда симфонияның премьерасы Біріккен Араб Әмірліктерінде өткізілуі керек еді.

Симфонияның пайда болу тарихы да ерекше. Оны әртүрлі елдерден келген төрт жас композитор – Ұлыбританиядан Колтон Лестер, Тунистен Ханой Бухрис, БАӘ-ден Ибрагимов аль Джунаби және Үндістаннан Кайзад Пател жасаған. Олардың әрқайсысы өз бөлігін жазды.

Бір қызығы, олар ешқашан бір-бірін көрмеген. Мұндай құбылыс заманауи технологиялардың арқасында мүмкін болды және өнер үшін қашықтықтың кедергі емес екендігін дәлелдеді.

«Егер сіз бүгінгі симфонияны әлеуметтік желіде немесе телеарна арқылы көретін болсаңыз, әлем бойынша алғашқы боп қолданған эффектiмiздi байқай алмайсыз. Әкiнiштi, әрине. Бұл ғажайыпты құлақпен естiп, жүрекпен сезiну керек. Сондықтан да «Марстағы миссия» деп атап отырмыз. Бұл расында, аса ғажайып дүние болады», – деді скрипкашы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Марат Бисенғалиев.

КӨРМЕ

Бауырлас қалалар бақыты



Рая ЕСКЕНДІР

«Алматы» мұражайында қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен «Алматы-Ренн» фотокөрмесі ашылды. Көрменің ашылу салтанатына мамыр айынан бері велосипедпен Қазақ даласын аралап келе жатқан Лоран Мае арнайы қатысты.

Жиын барысында сөз алған қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев жүрекжарды лебізін білдіріп, алыстан келген қонаққа алғысын жеткізді.

– Ең алғаш Еуропа мемлекеттері арасында Қазақстан тәуелсіздігін Франция мойындағаны белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алматы мен Ренн қаласы өзара мәмілеге келіп, достық Меморандумына қол қойған еді. 2011 жылы Қазақстан делегациясы ресми сапар барысында Парижге бірнеше түп алма көшетін апарып отырғызған бо-



латын. Бүгінде сол көшеттер көгеріп, «Алматы» деп аталатын үлкен әдемі саябаққа айналған. Ал 2016 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, Парижде ұлы ақын Абай бабамызға ескерткіш ашылды. Біз

үшін бұл – өте қуанышты жағдай. Сондықтан бұл көрмені біздің ұлы достығымыздың бір белгісі деуге болады, – деді Д.Әлиев.

Игілікті іс-шараға қатысқандар арасында өз ой-пікірлерін білдіргендер аз болмады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лоран МАЕ,
велослабандоз:

– Осы сапарымда Қызылордада болдым. Нұр-Сұлтан мен Алматыны араладым, өте қуаныштымын. Қазақтар қонақжай халық екен. Ең бастысы, індетке қарамастан, ел арасында еркін жүріп тұрдым.

Жеңіскүл САТАЕВА,
№181 мектеп басшысы:

– Біздің мектепте Франциямен тығыз достық қарым-қатынас орнаған. Мектебімізде француз тілі факультативтік сабақ ретінде оқылатындықтан, оқушылар бұл елдің тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиетімен жақсы таныс. Ал Ренн қаласымен достығымыздың шеңбері жыл сайын кеңейіп келеді. Осынау қаланың жүрегі кең, өзі бейне қазақ даласына ашылған терезе іспетті. Қазіргі таңда біздің мектеп Ренндегі мектеп-лицейлермен тығыз байланыстамыз.

Дмитрий ПЕТРУХИН,
байкер:

– Мен үшін Алматы қандай ыстық болса, Ренн де сондай ыстық. Сапар барысында жиі жолым түсіп тұрады. Мен қадірменді мейманға қонақжай Қазақстан туралы, өзім жүріп өткен қалалар туралы фильмді ұсынамын.

Бақыт БӨКЕБАЕВ,
Алматы циркінің басшысы:

– Ең алдымен, әсем қаламызға достық жолын салып, алыстан ат арылтып келген Лоран Маеға алғысымды білдіргім келеді. Екі елдің арасында бейбітшілік кептеріндей болып, алыстан сағынып жеткен қонақтың өз Отанына аман-есен жетуіне тілектеспін. Тұтас бір елдің болмысын танимын деп, біздің елімізді аралап, тарихымен танысып, қызығушылық танытқаны үшін ризашылығымды білдіремін.

Айгүл ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
«Алматы-Ренн» бауырлас қалалар қауымдастығы төрағасының орынбасары:

– Алматы әлемнің 18 қаласымен бауырлас. Біздің достығымыз әлі де тамырын тереңге жайып, гүлдене береді деп сенемін. Қазіргі кезде Алматы қаласының 4 мектебі Реннмен тығыз байланыста. Бізге керекті, ең алдымен – бейбітшілік. Бұлақтың бастауы сияқты осындай ыстық достастық екі елдің арасындағы бейбітшілікке де өз әсерін тигізері анық.

«Qazaq titan» атымен танымал алматылық стронгмен Алмат Жұманов кезекті рекорд орнатып, «Қазақстандық Гиннесс кітабына» тағы бір мәрте енді. Ол 24 жасында 280 келі түйені көтеріп, 4 тонна 68 келі болатын үш көлікті 13 метр жерге дейін сүйреген. Алмат бұған дейін 108 тонналық пойыз вагондарын тартып, рекорд орнатқан еді. Бізге ерекше күш иесімен сұхбаттасудың сәті түскен болатын.



– Оқырмандарымызға өзіңіз жайлы айта кетсеңіз?
– Бала кезімнен спортпен айналысуға аса құмар болдым. 2-сынып оқып жүрген кезімде әкеміз Жан-Клод Ван Дамның «Кровавый спорт» фильмін қойып беретін. Сол фильмді көріп отырып, Боло Йенг секілді дене бітімім көлемді болса ғой деп армандайтынмын. Үйдегі турникке тартылып, күреске бара бастадым. Спорттың бірнеше түрімен айналысып жүріп өзімді шыңдадым. Қазіргі таңда белгілі бір жағдайлармен спортпен айналысуды қойдым. Өзім үшін жаттығу жасағаныммен, кәсіби түрде айналыспаймын. Себебі, осы спорт түріне бейімделе бастадым.
– «Qazaq titan» деген лақап атыңыз нені білдіреді?
– 5-сыныпта күреспен айналысып жүрген кезімде қолымды сындырып алдым. Қолыма ота жасалды. Дәрігерлер сүйектерімнің жарамай қалғанын айтып, «titan» деген темір бар, соны саламыз деді. Ата-анам бұған аса келісе қоймады, алайда, дәрігерлер онсыз болмайтынын айтып, темірді салды. Кейіннен өзіме «Қазақ титан» деген лақап ат қойып алдым. Осы атауды өзіме иемденуім рекорд жаңартуыма үлкен септігін тигізді деп ойлаймын.
– Бойыңыздағы күшті қалай байқадыңыз?
– Ең алғаш көтерген затым – бокстасатын «грушаны» балалар болып көтерейік дегенде, бір өзім көтеріп іліп қойған едім. Сол кезде бойымда бір күш бар екендігін сездім. Соны-



мен қатар, көршілерімізге аулаларын тазалап, ауыр заттарының орнын ауыстырып тасып беретінмін. Менің ойымша, қазақ жігіттерінің бойында батырлардың қаны бар. Себебі, біздің арғы аталарымыз осынау ұлан-ғайыр жерді бізге найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп жүріп қалдырып кеткен.

– Ауыр заттарды көтерудің қиыншылықтары көп пе?
– Ауыр темірлерді тартып, қозғау кезінде ауырлық аяққа түседі. Кейбір адамдар ойлауы мүмкін, белге және басқа жерлерге зақымсыз тиеді деп. Жоқ, бұл қате түсінік. Содан кейін бірден салмағы ауыр заттарды көтеріп кету денсаулыққа аса зиян келтіреді. Ол үшін біраз дайындық қажет. Өз басым, мұндай істерге бармас бұрын күнделікті дайындық жасап, белгілі бір көлемде тамақтанып, өзімді іштей дайындаймын. Аяққа аптасына екі рет жаттығу жасап отыру қажет. Сол кезде аяқта күш көп болады, сонда итерген затты оңай аласыз. Қазіргі таңда елімізде тас шайнап, жылқыны да көтеретін алып күш иесі атанып жатқандар жетерлік. Міне, бұл біздің жауынгер халықтың ұрпағы екендігіміздің дәлелі.
– Ирандық Халкпен болған қақтығыс қалай аяқталды?
– 108 тонналық пойыз вагонын тартпас бұрын ешқандай да дайындық болған жоқ. Бастапқыда қызық үшін орнынан қозғалтып көрмекке бекіндім. Сол кезде бұл ойым жүзеге асып кетті. Кейін достарымның, көпшіліктің сұранысымен осындай трюктерді қайталадым. Сол кезде көбісі «Қазақстандық Халк» деп, қошемет білдіре бастады. Кейін ирандық Саджад Гариби мені қарсылас болуға шақырып, өз күшімді дәлелдеуді сұрады. Себебі, көпшілік оны «Ирандық Халк» деп таниды екен. Мен оның атағын тартып алғандай болып

«QAZAQ TITAN» немесе алып күш иесі туралы аз-кем сөз

жекпе-жекке шақырды. Бастапқыда ол бізге намысқа тиетін видео түсіріп жіберді. Содан кейін біз де өзіміздің жауабымызды жібердік. Менеджерлер бізге шығып, жекпе-жек осы жылы ұйымдастырылатынын айтқан болатын. Кейін 280 келі түйені көтеріп, 4 тонна 68 келі болатын үш көлікті 13 метр жерге дейін сүйрегеннен кейін ол қарсыласпайтынын айтып, күшімді мойындаған еді.

– Елімізде осынау спорт түрі қалай дамуға? Жастарға қолдау бар ма?

– Біздің елде бұл спорт түрі дамымай жатқанын айта кету керек. Себебі, ауылдан шыққан қаншама бала, ауыр атлеттер бар, өздерінің күштерін видеоға түсіріп, әлеуметтік желілерге салып қоюмен ғана шектеледі. Көбінің қолдаушысы жоқ, қаржы бөлінбейді. Сондықтан болар, әрмен қарай бұл спортпен айналысуға құштарлығы жоғалады. Мен өзім сол балаларды көрсем бірден тартып, не істеу керек екендігін, қалай жаттығып, өздерін қалай шынықтыруы қажет екенін айтып отырамын. Негізінде, бұл спорт әлем елдерінде кең етек жайып, оның дамуына жақсы жағдай жасайды. Мысалы, америкалық азамат 30 тонна ұшақты орнынан қозғалтып, әлемнің Гиннесс рекордтар кітабына енген. Ал мен 108 тонналық пойыз вагонын қозғалтсам да, ол ешкімнің назарына ілікпей қалды.

– Ендігі арман-мақсатыңыз қандай?

– Алдағы уақытта әлемдік жекпе-жекке қатысқым келеді. Себебі, онда жаһанның «мен» деген мықтылары бақ сынасады. Шет елдерде осы спортқа негізделген өзіндік ережелері, шарттары бар сайыстар ұйымдастырылады. Олар 5 шарттан тұрады. Біріншісі, 150 келі домалақ тасты орындыққа отырып, үстінен асырып көтеру қажет. Екіншісі, 160 келі үлкен томар ағашын көтеріп тұрып, отырып тұруы қажет. Үшіншісі, үлкен «фора» камаздарды күшін жеткенше тартуы қажет. Төртіншіден, көлемі үлкен, қалың темірлерді майыстыру. Ал бесіншісі, 100 келіге жететін затты көтеріп, ұшақ секілді ірі дүниелерді орнынан қозғауы қажет. Міне, осы шарттарды ойдағыдай орындау үшін күнделікті дайындалып жүрмін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Жастарға қолдау

25 және 26 қыркүйекте «I-SEED: инновациялар – әлеуметтік кәсіпкерлік және білім» жобасы шеңберінде «САМҒАУ» жастарға арналған YI жыл сайынғы фестиваль өтеді.

Ол оқушылар мен студенттерді іскерлік дағдыларға үйрету және өз бизнесін жүргізуде пайдалы бола-

қазақстандық режиссер Қанат Бейсекеевтің Dauys заманауи жастардың болашағы туралы деректі фильмінің премьерасы өтеді.

Фестиваль қатысушыларына BRO Glasses негізін қалаушы Данияр Шайкемелов, кәсіпкер Мерей Мұстафин, ASAR-ume қайырымдылық жобасының негізін қалаушы



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

тын көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін құрылған ерекше диалогтық ойын-сауық-танымдық алаңы. Табысты кәсіпкерлер мен жетекші бизнес-тренерлер онлайн-фестиваль қатысушыларымен шағын бюджетпен және кәсіпкерліктің басқа да аспектілерімен тартты ілгерілетудегі кеңестерімен бөліседі.

Сонымен қатар, фестивальде

Асхат Нұрмашев, JKS Entertainment басшысы Бексұлтан Қазыбек және The YOLO House продюсері Азат Халимов сияқты спикерлердің семинар-дүкендеріне, сондай-ақ, сыйлықтары бар түрлі конкурстарға қатысу ұсынылады. Жексенбі күні фестиваль Karina Ivanova, Aidhn, Yenlik және Jeltoksan сияқты қазақстандық орындаушылардың онлайн-концертімен жабылады.

Ерекше таспалар күтеді



Qara Film Festival деректі кинофестивалі басталды.

Тәуелсіз кинофестивальдің бағдарламасында быыл Чили, Түркия, Швеция, Германия, Норвегия, Финляндия, Грузия, Бельгия,

АҚШ және Румыниядан 10 сурет ұсынылады. Барлық таспалар әлеуметтік тұрғыда ерекшеленеді. Барлық фильмдер қазақ және орыс субтитрлерімен түпнұсқа тілінде көрсетіледі.

Өтетін уақыты: 23–28 қыркүйек.
Өтетін орны: «Арман» киноорталығы.

Тарих – камера тілімен

Фотограф Ерсұлтан Ментаев Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде елдің, біздің қаламыздың, жалпы әлемнің қалай өзгергенін камера объектісімен айшықталған сәттер арқылы паш етеді.

Фотокөрмеде Алматы қаласына арналған 60-қа жуық жұмыс ұсынылды. Келушілер қаланың көшелерін, ғимараттарын, көрікті жерлерін, сондай-ақ жайлы гүлзарларын сурет арқылы көре алады. Сондай-ақ, автор өз жинағын көрсетеді. Онда 200-ге жуық анимациялық пошта маркалары, барлық уақыт пен халықтардың 500-ден астам винилді жазбалары, ашық хаттар мен монеталар, сондай-ақ, әртүрлі уақыттың 30-ға жуық фотоаппараттары, граммафондар бар.

Көрме 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Өтетін орны: Достық даңғылы, 44, Almaty Gallery.



Иненің күші

Aspan Gallery-де өзбекстандық суретші Диляра Каипованың алғашқы жеке көрмесі ашылады.

Онда көрермендерге заманауи баспалармен қолдан жасалған дәстүрлі өзбек киімдері ұсынылады.



Суретші Маргиланнан келген қол-өнершілермен бірге әйгілі АБР маталарын тігіп, дәстүрлі нақыштарды Мики маус, Adidas логотипімен үйлестіреді. Осылайша киім жаңадану және оның ұлттық бірегейлікке әсері туралы айқын тұжырымға айналмақ.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ЖӘДІГЕРЛЕР
СЫРЫНұржамал
ӘЛШЕВА

Сан бояулы, сан тағдырлы, сан жыл жасаған шаһардың сыры көп. Сол терең сырлардың көбін бүгінде Алматы музейі сақтап отыр.

Біз бүгін шаһар маңынан табылған бірнеше құнды жәдігерді «сөйлетеміз».

Сақ қазандары

Сақ қазандары (б.д.д. V-III ғ.ғ.) діни рәсімдерді өткізу барысында қолданылған. Жетісу өңірінен табылған бұл қазандар өзге қазандар сияқты қоладан емес, мыстан жасалғандығымен және әдемі безендірілгенімен ерекшеленеді.

Мыс қазандардың басым көпшілігі Алматының маңында Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің арасында, тау бөктерлерінде, өткен ғасырдың орта тұсында жағалауды бойлай созылған обалардың, қорғандардың айналасында табылған.

Олар кенеттен табылған. Алайда, жай тасталмаса керек, яғни оларды құрбандыққа шалу үстелдерімен, алғарылармен, шырағандармен бірге арнайы көмген. Кей жағдайда шағын көлемдегі қазандар мен шырағандар үлкен қазанның ішіне салынып, белгілі бір жерлерге қазылған.

Мұндай ерекше қазбалардың Алматының маңынан 4-еуі табылған. Болжамдар бойынша жерлеу рәсімдері кезінде пайдаланылған мыс қазандармен қатар қыштан жасалған, тұрмыстық мақсаттағы түрлері де кездескен. Алматы музейінің экспозициясына қойылған сақ қазанының (суретте) түбі терең, екі жағында екі тік және екі көлденең бедерлі ілмекті тұтқасы бар. Қазанның тұрқы үш шиыршық арқылы – ширатылған жіп түрінде өрнектелген.

Қазан көп уақыт бойы жер астында жатқандықтан коррозияға ұшыраған, металдың қыртыстары сазға толған. Заманауи балқытып біріктіру тәсілдерінің іздері де байқалады. Қазанның іш жағында, жоғары бөлігінде тотығудың қалдықтары байқалады.

Аңыз-құс

Алматы музейінде қар барысы мен аңыз кейіпкеріне айналған «Самұрық» құсының мүсіндері де сақталған.

Қар барысы немесе ілбіс – мысық тұқымдасына жататын, ірі жыртқыш сүтқоректі. Ол Орталық Азияның таулы сілемдерін мекендейді.

Барыс – қазақ халқы мен олардың ата-бабалары үшін ерекше бейне болған. Бұл – жұмбақ әрі сирек кездесетін тотемдік жануар. Белгілі сақ-алтай аң стилінде орындалған бейнелеу өнерінің басты кейіпкеріне айналған. Қанатты қар барысы ежелгі сақтардың, ғұндардың, бұлғарлардың, түркілердің, гректер мен шығыс славяндарының аңыздарында кездеседі.

«Самұрық» сөзі – үлкен көлемдегі, әлемдер арасында елшілік ететін мификалық гриф-құс дегенді білдіреді. Аңыз бойынша, Самұрық құс бейбітшілік ағашының (Бәйтеректің) басында өмір сүреді. Аңыздардың біреуінде басты кейіпкер жерасты әлеміне тап болып, түрлі қиыншылыққа кездеседі. Соңында үлкен ағашқа жетіп, алпауыт Самұрық құстың балапандарын аман алып қалу үшін айдаһарды өлтіреді.

Бұл экспонаттар 2014 жылы Алматы қаласы тарихы мұражайының археологиялық экспедициясы арқылы табылған. Мерзімі шамамен б.д.д. V-III ғасырларға сай келеді. Мүсін Алматының солтүстік-батысында, Көкқайнар аймағында табылған.

«Балад Алмату»

Экспозициядағы XIII ғасырдың соңындағы күміс дирхемдер Алматы қаласының жасы 1000 жыл болғандығын нақты айғақтайды. Иә, шаһардың тарихы ғасырлар қойнауынан бастау алады.

Табылған археологиялық құнды заттар, сондай-ақ жазбаша деректер қазіргі мегаполистің аумағында алғашқы қала қоныстарының, тіпті VIII-IX ғасырларда пайда болғанын дәлелдейді. Көптеген беделді ғалымдардың, оның ішінде академик Карл Байпақовтың пікірінше, Алматы X-XI ғ.ғ. бастап қалаға тән барлық белгілері бар шаһар ретінде қалыптасқан.

Жалпы, Алматыда нақышталған 7 тиын белгілі, олардың әрқайсысы қала тарихы мен оның жасын айқындауда құнды нумизматикалық қайнар болып табылады. Олардың 3-еуі Алматы қаласы тарихының мұражайында орналасқан. Тиындардың 1-еуі 1974 жылы бұрынғы Шекара училищесінің орнында, ортағасырлық қала қалдықтарының қазба жұмысы кезінде табылған.

Тиындар күмістен соғылған және XIII ғасырдың соңғы ширегіне жатады. Шығарылған жылы өшіп қалған. Беткі жағында жалпы мемлекеттік шағатай таңбасы қойылған. Ал артқы жағында үш аяқты таңба бейнеленген. Тиындардың нақышталған жері туралы деректер сақталған – «Балад Алмату» (яғни шағатай тілінен аударғанда – Алматы қаласы).

2016 жылы Алматы өзінің 1000 жылдық мерейтойын атап өтті. Қаланың 1000 жылдық мерейтойын атап өту барысында бұл дирхемдер көпшіліктің назарына ұсынылған болатын.

Әсел
ДАҒЖАН

ҚР Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның кеңейтілген мәжілісі аясында гуманитарлық білім саласында қазақ тіліндегі 100 оқулық таныстырылды.

«Ұлттық аударма бюросы» атқарған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған 100 оқулықтың әрқайсысы 10 мың данамен басып шығарылды. Қазақ тіліне аударылған кітаптар барлық оқу орындары, соның ішінде жекеменшік университеттерге де таратылды.

«Дүниедегі ең озық оқу орындарының бағдарламасына кірген ғылыми әдебиет, академиялық бестселлер еңбектер қазақ тіліне аударылды. Олар бұған дейін әлемнің ондаған тіліне аударылып, ілгері дамыған қоғамдарда миллиондаған тиражбен тараған. Біздің де оқытушылар мен студенттердің осындай мазмұнға қол жеткізуі – үлкен олжа. Бұл – қажет десеңіздер, «Болашақ» бағдарламасының ауқымы кең, жалғасы. «Болашақ» бағдарламасының арқасында біздің 20

ЖАҢА КІТАП

САН ҒАСЫРҒА ЖЕТЕР СӨЗ

2019 жылы Оразалы ақын жоғары білім алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Оразалы Досбосынов атындағы айтыс ақындары орталығы ресми ашылғанды. Содан бері осы орталықтың жұмыс жоспары бойынша жыл сайын Отанымыздағы жоғары оқу орындары студенттері, магистранттар мен докторанттар қатысатын «Менің пірім – Сүйінбай!» атты республикалық, халықаралық ақындар айтысы тұрақты өткізіліп келеді.

Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында ақын Оразалы Досбосынов шығармалары мен оның ақындығы туралы зерттеулер, тарихи-танымдық естеліктер жинақталған үш томдық «Ұлағат» баспасынан басылып шықты. «Құлмамбеттен қалған құлынмын» деп аталатын I томға Оразалының 23 айтысы жинақталған.

Оразалының «Ақынмын сөзі жетер сан ғасырға» атты II томында оның халықаралық, республикалық жыр сайыстары топтастырылған. Сондай-ақ, «Жекпе-жек айтыстар» тақырыбымен Оразалының Ә.Сыздықовпен, Р.Зайытовпен, С.Құсанбаевпен болған сөзсайыстары да сүре айтыс

мындай студентіміз әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінен білім алды. Ал енді өз елімізде оқитын жарты миллион қазақстандық студент Кембридж, Оксфорд, Гарвардтың үздік оқулықтарымен қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік алды», – деді кеңейтілген мәжіліс барысында ҚР-ның Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев.

Ол 100 жаңа оқулықтың арқасында қоғамдық сана үшін аса маңызды бірқатар гуманитарлық білім саласының мазмұны түбегейлі түрде жаңартылғанын баса айтты.

«Көп жағдайда әлі де таптық, формациялық, идеологиялық сипатта баяндалып келген философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, заң мен құқықтану, журналистика, мәдениет және өнертану, тіл білімі, шығыстану, әдебиет теориясы, педагогика және психология секілді ғылымдар пәнаралық, өркениеттік және гуманистік бағыттағы жаңа мазмұнға ие болды», – деді ол.

Аударылған 100 оқулық аясындағы ғылыми терминдер мен ұғымдар негізінде 4 жаңа сөздік құрастырылды. Олар: «Әлеуметтік ғылымдар сөздігі», «Экономика сөздігі», «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» және Оксфорд университеті баспасымен бірге

дәстүрін жаңғырта жалғастырған сипатымен байқалады.

Оразалы – суырыпсалма-төкпе және жазбаша дәстүрді тұтастандыра танытқан ақын. Ақынның екінші томындағы 22 өлең жазба ақындығындағы көркем ойлау дүниетанымының психологиялық, философиялық даралығын аңғартады. Ақынның өршіл рухты өлеңдерінен «Ақындарға», «Елге кетем», «Хайуан болып кетпейік», «Мен қазақтың ұланымын», «Қаламды бірге көм», «Түздің еркін тағысымын» фәни мен бақи дүние аралығындағы уақыт пен кеңістіктегі адамзатқа ортақ азаматтық-адамгершілік биіктік ұлағаты жырланған. Әсіресе, киелі сөз өнерімен рухтанып, фәни дүниедегі жамандық, іштарлық, пасықтық, күншілдік, зұлымдық атаулыға мәңгілік майдан апаратын ақындардың қаһарман тұлғалары асақ болмысымен көркем бейнеленген.

Оның философиялық мағыналы өлеңдерінен үздіксіз қозғалыстағы тіршілік керуеніндегі мағыналы және мағынасыз өмір сүретін пенделер тағдырларына философиялық түйіндеулер жасалған.

III томның соңғы бөлігіндегі көрнекті, танымал ақындардың Оразалы-

дайындалған, «Oxford Qazaq Dictionary» атауымен шығатын 500 мың сөз бен сөз тіркесін қамтитын үлкен «Ағылшын-қазақ және қазақ-ағылшын Оксфорд сөздігі».

Тәржімаланған оқулықтардың қатарында Бертран Расселдің «Батыс философиясының тарихы», Энтони Кеннидің 4 томдық жинағы, Сократтан Деридаға дейінгі философияның қысқаша тарихы, Ислам философиясы мен классикалық араб ойшылдарының антологиясы, Жапон, Үнді және Қытай философиясы толық қамтылды. Әлеуметтану және психология топтамасында Элиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз» атты еңбегін, Шульцтың «Қазіргі психология тарихы» аударылды.

Экономика, менеджмент және кәсіпкерлік топтамасында «HR менеджмент» пен «CRM: тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті», «Кәсіпкерлік», «Жеке қаражат», «Мемлекеттік қаржы», «Көпбасшылық теориясы мен практикасы», «Халықаралық бизнес», «Нәтижелі келіссөз: алғышарты мен амалдары» және осы бағыттағы басқа да бірқатар оқулықтар қазақ тілінде алғаш рет шықты. Соның арқасында қазақстандық бизнес-мектептер тұңғыш қазақ тіліндегі MBA бағдарламасын ашуға мүмкіндік алды.



ға арналған арнау, жоқтау өлеңдерінде де ақынның мәңгілікке ұлықталатын шығармашылық тұлғасы көркем бейнелеулерімен жырланған.

Оразалы Досбосыновтың поэзиясы мен оның шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеулер, сұхбаттар топтастырылған үш томдық – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының рухани құндылықтар қазынасына қосылған көрнекті үлес.

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымының докторы,
профессор.

ЖАҢАЛЫҚ

Тіркеуге
тұру тәртібі
өзгерді

Елімізде тұрғылықты мекенжай бойынша тіркеуге тұрудың тәртібі өзгерді. Енді үй иесіне тіркеуге қойған азамат туралы мәлімет оның ұялы телефонына смс-хабарлама түрінде жіберіледі. Ал егер тіркеуден шығарып тастаса, ол туралы да екінші адамға дәл солай ескертіледі. Бұл туралы азаматтарға арналған Үкімет мемлекеттік корпорациясының өкілдері хабарлады. Мамандар бұл өзгеріс «резеңке пәтер» проблемасын шешеді деген ойда. Бұған дейін тұрғындар тарапынан бәзбіреулердің пәтеріне рұқсатсыз тіркеуге қойылағаны жайында шағым көп түскен. Сондай-ақ, ол «тіркеуге қойып берем» деп пайда тауып жүрген алаяқтардың да китүрқылығына тосқауыл қоймақ.

Әзірлеген Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА.

КӨРМЕ

Суретші танымындағы
Алматы

Қала күніне орай, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде 19 қыркүйекте ашылған «Алматы суретшілер көзімен» атты көрме 3 қазанға дейін жалғасады.

Дарынды суретшілердің шығармашылық әлемі қаланың көпқырлылығын ашады. Белгілі көрікті жерлері мен бірегей архитектурасы қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті орындарынан, қарапайым, тыныш көшелерінен түрлі естеліктер қалдырады.

Көрмеге «Жаухар» сурет галереясы ұсынған заманауи суретшілердің жұмыстары қатысады. Көрермендерге таныс Ведерников Максим, Джалиев Ерлан, Жошыбаев Нұрлан, Ермоленко Александр, Кравцов Сергей, Құлбатыров Рашид, Омышев Сәрсен, Уткин Алексей, Фридлин Евгений, Хамиров Ербол сынды суретшілердің суреті қойылады. Олардың барлығы заманауи қала және «Ретро Алматы» ұғымына байқалатын сүйікті қаламыздың



атмосферасын түсіре отырып, шынайы қалалық пейзаж жанрында шебер жұмыс істейді.

Суретшілердің жұмысы, негізінен, лирикалық көңіл күйге, дәлдікке және графикалық экспрессивтілікке толы.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне екі айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
2 айға – 1201 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
2 айға – 3241 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
2 айға – 881 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 9 қыркүйектегі
№3/458 қаулысы

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2021 жылдың 16 қыркүйегінде
тіркелген, №24366

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 17 наурыздағы
№1/191 «Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/191 «Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1693 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі:

реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж.Бабақұмаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б.САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Осыдан біраз жыл бұрын Жетісу ауданы әкімшілігі мен Еңбекшіқазақ ауданы әкімшілігі өзара меморандумға қол қойып, «Құлагер» ықшамауданында бау-бақша өнімдерінің жәрмеңкесі тұрақты өткізіле бастаған еді.

Соңғы уақытта ықшамаудан тұрғындарын бау-бақша өнімін ұсынған жәрмеңке өз жұмысын тоқтатқан болатын. Сол жақсы үрдіс Қала күні қарсаңында қайта жалғасын тауып, «Алма-Fest» жәрмеңкесі аясында Алматы облысы шаруа қожалықтары өз өнімдерін ұсынды. Бұл күндері қала тұрғындары дәмі тіл үйірген алмаға қарық болды, қолға тие бермейтін бірнеше сортының дәмін татты.

Алдағы демалыс күндері де «Гүлдер» саябағында жәрмеңке өз жұмысын жалғастыратын болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Көптен күткен марафон



Әсел
ДАҒЖАН

26 қыркүйек, яғни жексенбі күні мерейтойлық Х «Алматы марафоны» өтеді. Ұйымдастыру комитетінің айтуынша, марафон 25 қыркүйек таңғы сағат 6.00-ден 26 қыркүйек, кешкі сағат 18.00-ге дейін өтеді.

Осы уақытта іс-шара өтетін жолдар бойында көліктер үшін қозғалыс шектеледі. Марафонның басталуы мен аяқталуы Республика алаңында болады. Сондықтан Сәтбаев көшесі бойымен Желтоқсан көшесінен Назарбаев даңғылына дейін екі қозғалыс жолағы 25 қыркүйек, сағат 6.00-ден 26 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін жабылады.

26 қыркүйекте толықтай не жартылай жабық болатын көшелер:

Назарбаев даңғылы бойында Сәтбаев көшесінен әл-Фараби даңғылына дейін, сағ. 04.30–12.00.

Әл-Фараби даңғылы бойында Назарбаев даңғылынан Достық даңғылына дейін, сағ. 04.30–09.30.

Әл-Фараби даңғылы бойында Назарбаев даңғылынан Шашкин көшесіне дейін, сағ. 04.30–12.00.

Алма-Fest күтеді



Әл-Фараби даңғылы бойында Шашкин көшесінен Саин көшесіне дейін, сағ. 04.30–13.30.

Саин көшесі бойында әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейін, сағ. 04.30–13.30.

Абай даңғылы бойында Саин көшесінен Байтұрсынұлы көшесіне дейін, сағ. 04.30–14.00-ге дейін.

Байтұрсынұлы көшесі бойында Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейін, сағ. 04.30–14.00.

Сәтбаев көшесі бойында Байзақов көшесінен Байтұрсынұлы көшесіне дейін, сағ. 04.30–10.35.

Сәтбаев көшесі бойында Байтұрсынұлы көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін, сағ. 04.30–14.00.

Байзақов көшесі бойында Тимирязев көшесінен Сәтбаев көшесіне дейін, сағ. 04.30–10.35.

Тимирязев көшесі бойында Шашкин көшесінен Байзақов көшесіне дейін, сағ. 04.30–10.35.

Шашкин көшесі бойында әл-Фараби даңғылынан Тимирязев көшесіне дейін, сағ. 04.30–10.35.

Деректер жүгіруге қатысушылардың қозғалыс уақытының ұтымды бөлінуін ескере отырып енгізілді. Спорт әуесқойларына келесі қашықтықтар берілген: 10 шақырым, 21,1 шақырым, 42,2 шақырым, Экиден командалық эстафетасы, 10 шақырым скандинавиялық жүріс.

Қатысушылардың жас мөлшері: 10 шақырым және 10 шақырым скандинавиялық жүріс – 15 жастан бастап; 21,1 шақырым және 42,2 шақырым қашықтықтарына – 18 жастан бастап; Экиден командалық эстафетасына – 16 жастан бастап қатысады.



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

CORONA
VIRUS2020/KZ**сұрақ:**

Әр түрлі зертханалардың ПТР тестілеу нәтижелерін берудегі қателігі немен байланысты? Бір зертхана КВИ–оң нәтижесі бар анықтама берсе, екіншісі неліктен теріс нәтижесі бар анықтама береді?

жауап:

Зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштері зерттеу жүргізу шарттарына, оның ішінде биоматериалды алу техникасының дұрыстығына, оны тасымалдауға, сақтауға, пайдаланылатын реагенттерге, сондай-ақ ПТР зерттеу жүргізу техникасына байланысты

©ҚР ДСМ

CORONA
VIRUS2020/KZ**сұрақ:**

Неліктен көп жерде вакцинацияланған адамдардан теріс ПТР-тесті талап етіледі? Егер вакцинацияланғандардың жұқтыру қаупі бар болса, онда неге олар «Ashyq»-та әрқашан "қауіпсіз" мәртебеге ие?

жауап:

Вакцина алған адамдардан ПТР-тестінің теріс нәтижесін талап ету негізсіз. «Ashyq» қосымшасы бойынша жұмыс істейтін объектілерде олардың "қауіпсіз" мәртебесі бар, бұл оларға шектеусіз кіруге мүмкіндік береді

©ҚР ДСМ

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА**ЖЕКЕ КУӘЛІКТЕГІ СУРЕТІҢІЗ ҰНАЙ МА?**

Айнұр ИСКАКОВА,
дәрігер-гинеколог:

Өз қызым танымай қалды

Жеке куәлікті ХҚКО-дан асығыс алып, қарамастан, сөмкеме сала салып, балабақшаға қарай жүгірдім. Сөмкені көліктің артқы орындығына қойғам ғой, қызым оны ашып, ішінен менің куәлігімді алыпты. Айнадан қарасам, бір нәрсеге көз алмай қарап отыр. Бір

кезде «анашым, мына тәте кім?» дейді. Қарасам, қызым жеке куәліктегі суреттен өз анасын танымай тұр ғой. Рас, суретте мүлде басқа адам тұрған секілді. Тек киімі ғана менікіне ұқсайды. Қызыма суреттегі мен екенімді айтып, сендіре алмадым.

Сағыныш НАЗАР,
журналист:

Әуежайда бір сағат ұстады

Менде жеке куәлік пен паспорттағы сурет бірдей. Студент кезімде Испания еліне 1 айға оқуға баратын болды. Билетім бар, құжатым дұрыс, бірақ өз елімде әуежайда тексеріп, мені өткізбей қойды. Себебі, паспорттағы сурет маған ұқсамайды екен. Сол жерде 1 сағат уақыт ұстады. Бастығын шақырып келді, ол да суреттегі адам мен екеуіміздің арасында ұқсастық жоқ деп кесіп айт-

ты. Сол күні ұшпасам оқудан да қалам, билетім де күйіп кетеді. Содан сөмкемде тағы қандай құжаттар бар, соның бәрін шығардым. Бірнеше адам тұрып, суреттерді салыстырды. Бір кезде фоторобот жасап көрді. Сөйтіп, басымның формасы, жақ сүйектерім, көзім келетінін айтып, өткізді. Өз елімнен қиналып өткен соң өзге елге барып, қайтқанша уайымдап жүрдім.

Айнұр КАМАЛ,
кондитер:

Бір құлағым жоқ...

Қыс мезгілі болатын. Жеке куәліктің жарамдылық мерзімі аяқталып, ауыстыру керек болды. Асығып барып, кезек алып, суретке түстім. Ескі куәліктегі суретім өзіме ұнамайтын. «Енді ауыстырған кезде суретке дұрыстап түспесем» деп ойлап жүретінмін. «Болаңыз, болаңыз» деп асықтырғанда ол ойдың бәрі жайына қалды. Қалпақты шешкен соң қарай салайын десем жан-

жағымнан айна таба алмадым. Негізгі құжатқа суретке түсіретін жер болғандықтан сондай нәрселерді неге қарастырмайды екен? Тез түсірді, өзіме көрсеткен де жоқ. Дайын болған кезде өзімді көріп, тоқтай алмай күлдім ғой. Бір құлағым жоқ секілді, шашымның алды айғайлап кеткен, жағам қисық. Содан ертесіне барып, қайтадан суретке түсіп, жаңа құжат жасаттым.

Арысбек НҰРЖАНҰЛЫ,
тау-кен ісінің маманы:

«Қазанбас» атанып кеттім

Мен ең бірінші рет жеке куәлікке суретке түсуге ақ көйлек, қара шалбар киіп, дайындалып барғам. Шашты сулап, бір жағына қарай қайырып қойғаным есімде.

Өйткені, жеке куәліктегі суретін көпшіліктің ұнатпайтынын

жиі еститінмін. «Кейін ұялмай көрсету үшін дұрыстап түсейін» деп ойладым. Суретім ұнады. Бірақ басым денемнен үлкен болып қалыпты. Содан бастап достарымның арасында «қазанбас» атандым.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ**Қазақ рухының көрінісі****ПОП-АРТ****«Қоқыс» деуге қимайсың**

Алматылық шебер кәдімгі қоқыстан өнер туындыларын жасайды. Ол керек емес зат деген болмайтынын, қоқыстың өзінен таңғажайып дүниелер табуға болатынын айтады. Ол өз өнерімен планетамызды құтқаруға экологиялық үлес қосып, қоқысты мұражай экспонаттарына айналдырады.

Мәселен, жарамсыз деп танылып, қоқысқа тасталған сынған музыкалық аспап қолдың аз-маз көмегімен адамға айналады. Ал қазан қақпағы мен ескі монитор есектің кескінін бейнелейді. Бұрынғы кресло енді ханым болады.

– Кейде қоқыстан кәдімгі газеттерді көремін. Кейбіреулер үшін бұл – қағаз, ал мен одан қаланың сұлулығы мен панорамасын көре аламын. Кейде таңертең саябаққа барамын. Онда ойын карталарына сүрінуге болады. Мен бірден олармен не істеуге болатынын ойластырамын. Қолымнан шыққан өнер туындыларының бәрі менің балам секілді, – дейді суретші.

Георгий – еліміздегі поп-арттың негізін қалаушылардың бірі. Бірақ оның бұл тұста арнайы білімі жоқ. Алайда, ол сурет салуды бала кезінен ұнатады екен. Өмірге деген ерекше көзқарас оған шедеврлерді аяқастынан табуға көмектеседі. Ол шығармашылық үшін ескі дөңгелек, ағаш, әйнек пен тозған киімдер, шойын ванналар сияқты кез келген материалды қолданады.

– Мен үшін әр жұмыс – түсіну. Еденге шайды шашып жібергеннің өзінде түрлі фигураларды көруге болады. Ондайда бірден қағаз-қаламды алып, сыза бастаймын. Содан кейін қондырғы жасағым келетін материалды таңдаймын, – дейді шебер.

Суретші жұмысының негізгі тақырыбы – әлеуметтік мәселелер мен тарихи оқиғалардың көрінісі. Мүсіндер арқылы ол уақыт, өзі естіген әңгімелер,

23 жастағы домбырашы Алтын Жұмағалиева өзінің Instagram парақшасында Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындаған бейнежазбамен бөлісті. Бойжеткен күйді Дубай қаласында теңіз жағалауында орындаған.

Бейнежазба 125 мыңнан астам қаралым жинап, желі қолданушылары 200-ден астам пікір қалдырған. Өнерпаздың күй орындаумен қатар, еліміздің туын желбіретуі көптің көңілінен шыққан.

Дубай қаласында домбырада ойнау идеясы Алтынға ұлттық аспапты көпке таныстыру ниетіне орай келіпті. Ол күй тартқанда жанынан өткен өзге ұлт өкілдері тоқтап, соңына дейін тыңдағанын, шығарманың атын, аспаптың атауын сұрағанын мақтанышпен жеткізді.

– Мен бұл бейнежазбаны ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнаулы ұйғардым. Өйткені, «Балбырауын» күйі – қазақ халқының рух күшінің көрінісі, – деді Алтын Жұмағалиева.



адамдардың тағдыры туралы айтады. Оның жұмысы әсіресе шет елде сұранысқа ие. Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының экспозициясына мүсіншінің бірнеше жұмыстары қойылды. Сондай-ақ, ол қазіргі заманғы қазақстандық өнердің тақырыптық көрмелеріне үнемі қатысады. Суретшінің инсталляциялары мен мүсіндері Германия, АҚШ, Италия, Түркия, Үндістан, Араб Әмірліктері, Сингапур және басқа да елдердің түрлі галереяларында қойылды. Оның бірнеше ондаған жұмыстары бүкіл әлемдегі мұражайлар коллекциясына сатып алынған.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.